



СЕНБІ №76 (4761)
11.07.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Америка көшбасшысы Дональд Трампты АҚШ тәуелсіздігінің 250 жылдығымен құттықтап, тарих үшін қас-қағым сәт саналатын үш ұрпақтың ғұмырына барабар кезеңде бұл елдің қуатты жаһандық державаға айналғанына назар аударды.

Президент АҚШ әкімшілігінің ақыл-парасатқа арқа сүйеген ішкі саяси бағдары елімізде іске асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде Әділетті Қазақстан құру стратегиясымен үндесетінін, сондықтан Дональд Трамп жүргізіп отырған саясатты қолдайтынын айтты.

Әңгімелесу барысында тараптар екіжақты экономикалық ынтымақтастық және саяси ықпалдастық мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр қараша айында Вашингтонға жасаған сапары барысында қол жеткізілген маңызды келісімдер жоғары қарқынмен жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ядролық қаруды және байытылған уранды таратпауға қатысты ұстанымынан айнымайтынын растады. Сондай-ақ халықаралық бақылау режимін нығайту мақсатында МАГАТЭ-мен арадағы ынтымақтастықтың маңызына тоқталды.

Бұдан бөлек, жақында Ақордада сенатор Стив Дэйнспен, АҚШ Президентінің арнаулы өкілі Серджио Гормен және Ақ үйдің басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, америкалық іскерлік топ өкілдерімен болған кездесулер мен келіссөздерге оң баға берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трампты өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

АГРАРЛЫҚ САЛАҒА СЕРПІН БЕРЕДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев
Ауыл шаруашылығы министрі
Айдарбек Сапаровты қабылдады.

Мемлекет басшысы биылғы бірінші жартыжылдықтағы агроөнеркәсіп кешенінің даму қорытындысы туралы есепті тыңдады.

Президентке егістік алқаптарын әртараптандыру, шаруаларға жеңілдетілген несие беру тетігін арттыру, ауылшаруашылық техникалары лизингін дамыту жұмыстары жайында мәлімет берілді.

Айдарбек Сапаров агроөнеркәсіп кешеніндегі өңделген өнім көлемін 70 пайызға дейін арттыруға бағытталған шаралар қолға алынғанын баяндады. 2026 жылдың алты айында тағам өнімдерін өндіру 14,7 пайызға ұлғайды. Ауыл шаруашылығының нақты көлем индексі 4,4 пайызға, соның ішінде егін – 7,7 пайызға, мал шаруашылығы 4,4 пайызға өсті.

Сонымен қатар экспорт көлемі мен шетелге шығарылатын өнім түрлері де көбейіп келеді.

Биылғы қантар-сәуір айларында АӨК өнімдерінің экспорты 3 миллиард долларды құрады, бұл былтырғы сәйкес кезең көрсеткішімен (2,2 миллиард доллар) салыстырғанда 36 пайызға артық. Жыл соңына қарай экспорт көлемін 7,2 миллиард долларға дейін ұлғайту жоспарланған.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында қабылданған Мал шаруашылығын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жүзеге асырылуы туралы ақпарат берді. Барлық санаттағы шаруашылықтарды қамтитын жеңілдікпен қаржыландыру жүйесі қалыптасты. Қабылданған шаралар мал басын көбейтуді, саланың өнімділігін көтеруді және ет өнімдерінің экспортын арттыруды көздейді. Жайылымдық мал шаруашылығын ілгерілетуге ерекше назар аударылып отыр.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында 2030 жылға

дейін ветеринарияны дамыту жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Оның аясында ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру, саланы қосымша қаржыландыру және нормативтік-құқықтық базаны жаңарту қарастырылған. Агроөнеркәсіп кешенінің цифрлық тұрғыдан трансформациялау жалғасуда. «Е-АӨК» бірыңғай цифрлық платформасы базасында мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен жаңа цифрлық сервистер біріктіріліп жатыр.

Болжамға сәйкес, жыл соңына дейін ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 5,9 пайызға артады. Тағам өнімдері өндірісін 9,5 пайызға, сусын өндірісін 10,5 пайызға ұлғайту көзделген. Саладағы негізгі капиталға 2,2 триллион теңге инвестиция салынбақ.

Кездесу соңында Президент ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, қосылған құны жоғары өндірісті жандандыру, экспорттық әлеуетті кеңейту және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ЖАҢАРҒАН ҰСТАНЫМ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

«Әділет» партиясы Астанада кезектен тыс III съезін өткізіп, алда болатын Қазақстан Республикасы Құрылтайы сайлауына партиялық тізімін ұсынды. Тәуелсіздік сарайына барлық өңірден жиылған мыңнан аса делегаттың ішінде облыстық филиалдардың, қоғамдық бірлестіктердің, сарапшылар қоғамдастығының өкілдері және басқа да шақырылған қонақтар болды. Қатысушылар партияның сайлауалды бағдарламасын, Құрылтай депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін бекітіп, партия Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Сонымен қатар мүшелік жарналардың мөлшерін айқындап, қорытынды Қаулы қабылдады.

Съездің пленарлық отырысы басталар алдында партия Саяси кеңесінің отырысы өтіп, оның алаңында күн тәртібіндегі мәселелер мен партия қызметінің негізгі бағыт-бағдары талқыланды.

Ал съезде алдымен делегаттар Жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, сондай-ақ партия мүшелерінің жарна мөлшері сынды ұйымдық дамуға қатысты мәселелерді қарады. Жарғының жаңа редакциясын

таныстырған партия Саяси кеңесінің мүшелері Бекжан Әлімқұлов пен Гүлзира Атабаева құжат Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының ережелері мен қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзгерістерді



ескере отырып әзірленгенін атап өтті. Олардың айтуынша, жаңа Конституцияның қабылдануы мемлекеттік басқару ісі-

нің барлық жүйесін терең жаңғыртуға жол ашты.

(Жалғасы 2-бетте)

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

ЖАҢАРҒАН ҰСТАНЫМ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

(Басы 1-бетте)

АЗАМАТТАР МҮДДЕСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒДАРЛАМА

Талқылауды қорытындылаған партия Төрағасы Айбек Дәдебай «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасы ауқымды сараптамалық және қоғамдық жұмыстың нәтижесі екенін атап өтті.

«Бүгін бекітілген партияның сайлауалды бағдарламасы кабинетте отырып жазылған жоқ. Оның негізіне Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың стратегиялық бастамалары, әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы, «Әділет» партиясы өткізген көптеген стратегиялық талқылаудың нәтижесі, сондай-ақ азаматтардың ұсыныс-пікірі мен жетекші сарапшылардың ұсы-

ныстары арқау болды», — деді Айбек Дәдебай.

Оның айтуынша, құжат алдағы жұмыстың негізгі бағыттарын айқындап қана қоймай, бүгінде қоғам үшін ең өзекті мәселелерді шешетін нақты тәсілдерін де көрсетеді.

Сөзін қорытындылаған Айбек Дәдебай сайлауалды бағдарлама бекітілгеннен кейін партия сайлау науқанына дайындықтың келесі кезеңіне кірісетінін айтты.



Ендігі негізгі назар өңірлердегі азаматтармен жұмысқа және бағдарламаның негізгі ережелерін кенінен түсіндіруге бағытталады.

«Жаңа Конституция Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Енді маңыздысы, сол мүмкіндіктерді қалай пайдалана

алатынымыз. Елді өзгертетін — адамдар: олардың идеялары, жауапкершілігі, адал еңбегі және халқына қызмет етуге деген даярлығы. Бүгін біз алдағы сайлауда «Әділет» партиясының атынан түсетін, осы жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын кандидаттар тобын бекіттік», — деп түйіндеді Айбек Дәдебай.

Күн тәртібіндегі жеке мәселе ретінде Құрылтай депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімі бекітілді. «Әділет» партиясы 186 кандидаттан тұратын ең ауқымды партиялық тізімді ұсынды. Оның ішінде 115-і ер адам болса, 71-і — әйел. Тізімге ғылым, білім, бизнес, өнеркәсіп, цифрлық сала, мәдениет, спорт және азаматтық қоғам өкілдері енген.



ПАРТИЯ ЖАРҒЫСЫНЫҢ 40 ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Партия жаңа конституциялық қағидаттарды іс жүзінде жүзеге асыруды 1 шілдеден бастап қызметінің басым бағыттарының бірі етті. Жалпы алғанда, Жарғының 40 ережесіне өзгеріс енгізілді. Олар өзара байланысатын үш негізгі блокқа топтастырылған.

Бірінші блок Жарғыны Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мен қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіруге бағытталды. Екінші блок партияның басшылық органдары арасындағы өкілеттіктерді нақты айқындауды және заманауи әрі тиімді ұйымдастырушылық тетіктерді енгізуді қажет ететін партияішілік басқару жүйесін жетілдіруді көздейді. Үшінші блок құжатты редакциялық және жүйелік тұрғыдан жетілдіруге арналды. Соның нәтижесінде Жарғы мазмұны жағынан бірізді, қисынды және практикалық тұрғыда қолдануға барынша қолайлы болады.

«Заманауи Жарғы — бұл шешім қабылдау тәртібін, жауапкершілікті бөлуді, басқару тиімділігін және еліміздің барлық аумағында партия қызметінің бірыңғай стандарттарын айқындайтын құжат. Сонымен қатар партия өзінің негізгі құндылықтары мен басты қағидаттарын сақтап қалады», — деді Гүлзира Атабаева.

Жарғының жаңартылған редакциясында партияішілік басқару жүйесін жетілдіру ісіне ерекше назар аударылды.

«Ұсынылып отырған өзгерістер партияның жоғары органдарының стратегиялық ролін, шешім қабылдау барысының жеделдігін, басқарудың цифрлық құралдарын және ел аумағындағы жұмыстың бірыңғай стандарттарын өзара үйлестіретін заманауи партиялық басқару моделін қалыптастырады», — деді Бекжан Әлімқұлов.

Сондай-ақ делегаттар мүшелік партиялық жарналардың мөлшерін бекітті. Жұмыс істейтін азаматтар үшін ай сайынғы жарна мөлшері — 0,1 АЕК, ал студенттер үшін — 0,01 АЕК. Сонымен қатар зейнеткерлер, мүгедектігі бар қазақстандықтар, бала күтімі бойынша демалыста жүрген ата-аналар, сондай-ақ мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдері мүшелік жарна төлеуден толық босатылды.

Ұйымдастырушылық мәселелер қаралғаннан кейін «Әділет» партиясының кезектен тыс III съезінің делегаттары сайлауалды бағдарламаның негізгі басымдықтарын талқылап, Құрылтай депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін бекітті.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе — мазмұны мен басты басымдықтары жаңартылған партияның сайлауалды бағдарламасын бекіту болды. Құжат 8 негізгі бағыттан тұрады. Оларды партияның Саяси кеңес мүшелері жан-жақты таныстырды. Бағдат Мусин цифрлық мемлекетті дамытуға арналған бастамаларды ұсынды. Замира Кузиева өңірлерді дамыту мәселелеріне тоқталды. Ренат Бектұров әділетті экономиканы қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарын таныстырды. Динара Зәкиева әлеуметтік саясат бағытын ұсынды. Лаура Қарабасова адами капиталды дамыту мәселелеріне тоқталды. Қарлығаш Жаманқұлова мәдениет саласына катысты бастамаларды таныстырса, Ирина Тен экологиялық күн тәртібіне арналған ұсыныстарын ортаға салды.

«ӘДІЛЕТ.365» – ПАРТИЯНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Съезд маңызды саяси шешімдер қабылдаумен бірге, азаматтармен байланыстың заманауи тетіктерін дамытуға және партия қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа цифрлық шешімдерді таныстырған маңызды шара болды. Таныстырылған сервистер – партияның Бірыңғай цифрлық платформасын кезең-кезеңімен қалыптастыру жөніндегі жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Бұл платформа алдағы уақытта азаматтарға, партия мүшелері мен органдарына арналған цифрлық құралдарды бір ортаға біріктіре отырып дамиды.

Алғашқы шешімдердің бірі ретінде партияның цифрлық қызметтерін пайдаланудың бірыңғай жүйесі іске қосылды. Бүгінде партияға мүшелікке өтінішті QR-код арқылы, eGov порталы немесе осы қызметті қолдайтын банк қосымшалары арқылы беруге болады. Бұл қызметті қарапайым, ыңғайлы әрі қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік береді.

Жиын аясында жасанды интеллект технологиялары негізінде әзірленген интеллектуалды цифрлық көмекшілер де таныстырылды. Олар партияның бағдарламасы туралы ақпарат ұсынып, мүше ретінде қабылдау тәртібін түсіндіріп, ең жиі қойылатын сұрақтарға жауап береді және пайдаланушыларға цифрлық сервистерді қолдануға бағыт-бағдар көрсетеді. Пайдаланушылармен өзара байланыс партияның фирмалық цифрлық маскоты мен автоматтандырылған чат-боттар арқылы жүзеге асырылады.

Әзірленіп жатқан цифрлық экожүйенің тағы бір маңызды бөлігі — партия мүшесінің жеке кабинеті. Ол негізгі цифрлық сервистерді бір интерфейске біріктіріп, партиялық ақпаратқа, хабарламаларға, құжаттарға және өзге де байланыс құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді. Платформа дамыған сайын оның функционалдық мүмкіндіктері де кеңейтіледі.

Сонымен қатар партия құрылымдарының жұмысын үйлестіруге арналған арнайы цифрлық алаң — цифрлық штаб сынақтан өткізіле бастады. Бұл шешім бірлескен жұмысты ұйымдастыруға, тапсырмалардың орындалуын бақылауға және орталық аппарат пен өңірлік филиалдар арасындағы байланыстың тиімділігін арттыруға арналған.

Басқосуда таныстырылған цифрлық құралдар партияның ұйымдастыру жұмыстарын кезең-кезеңімен цифрландыру бағытын айқын көрсетеді. Алдағы уақытта олардың барлығы заманауи цифрлық орта ретінде құрылып жатқан «Әділет.365» бірыңғай цифрлық платформасына біріктіріледі. Аталған платформа азаматтардың саяси ұйыммен байланысына, ішкі үдерістерді қолдауға және жаңа интеллектуалды сервистерді енгізуге арналған.



Партия өкілдерінің сөзінше, заманауи технологиялар адамдар үшін үдерістерді барынша қарапайым әрі түсінікті етуге тиіс. Сондықтан партия цифрлық сервистерді ішкі жұмысқа да, азаматтармен коммуникацияға да белсенді түрде енгізіп келеді.

Съездегі тағы бір маңызды оқиға — партияның ресми әнұранының тұсауы кесілді. «Әділет таңы» деп аталатын жаңа туындының сөзін елге белгілі ақындар Серікзат Дүйсенғазы мен Сұлтан Дәулетханұлы, ал әнін композитор Медет Салықов жазған. Әнұранның негізіне әділдік, заң үстемдігі, тәртіп пен жауапкершілік идеялары арқау болған. Ол алғаш рет осы басқосуда орындалып, партияның жаңа символына айналды. Съезде таныстырылған цифрлық шешімдер партия жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіру, азаматтармен байланыс құрудың заманауи арналарын дамыту және цифрлық технологияларды күнделікті қызметке енгізу бағытының маңызды бөлігіне айналды.

Айта кетейік, партия 10 шілдеге дейін ұйымдық құрылымын толық қалыптастырып, өңірлік желісін құрып, басшылық органдарын жасақтап болған еді. Өңірлік саяси кеңестердің құрамына 808 адам, бақылау-тексеру комиссияларының құрамына 100 адам енді. Олардың қатарында шағын және орта бизнес, білім беру және ғылым, үкіметтік емес сектор мен кәсіподақтар, мәдениет және спорт, өнеркәсіп, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, бұқаралық ақпарат құралдары, экономика, құқықтану, IT және креативті индустрия салаларының өкілдері бар. «Әділет» партиясы түрлі кәсіби қоғамдастықтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілі саналатын қазақстандықтардың бастамасымен құрылды. Биыл 7 мамырда Астанада партияның құрылтай съезі өтіп, 1 маусымда заңнамаға сәйкес, Әділет министрлігі «Әділет» саяси партиясын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

БАҒДАР

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТЫҒЫНА «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ
КАНДИДАТТАРЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІ:

1. Авершин Константин Викторович

2. Адаев Ербол Дәненұлы

3. Адамбаева Әлия Райымқұлқызы

4. Адамбек Кендебай Сарыбайұлы

5. Адамбеков Тілектес Серікбайұлы

6. Аймағамбетов Асхат Қанатұлы

7. Аймағанова Айжан Талғатқызы

8. Алтай Абай

9. Амантайұлы Жарқынбек

10. Атабаева Гүлзира Нұржанқызы

11. Атамқұлова Гүлназ Төреханқызы

12. Ахмедиев Дархан Мейрамұлы

13. Ахметов Съезбек Рақышұлы

14. Ахметов Сәбит Мейрамұлы

15. Ашимова Ульяна

16. Әбдікешов Алматы Жанболатұлы

17. Әбенов Мұрат Абдуләмитұлы

18. Әбілева Айымгүл Ақылбайқызы

19. Әбілов Алпамыс

20. Әлімқұлов Бекжан Мұхидинұлы

21. Әмірғалиев Мадияр Орынтайұлы

22. Әскеров Әмин Халилұлы

23. Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы

24. Әшімова Аяужан Тұрсынбекқызы

25. Базенов Айрат Базенұлы

26. Байбеков Шалкар

27. Байсакова Зүлфия

28. Байтұрсынов Ғиззат Сейдахметұлы

29. Бакытбекұлы Нұркен

30. Балтабаев Әділ Серікұлы

31. Балташева Айнагүл Қыдырбайқызы

32. Басин Вадим Борисов

33. Батырбеков Ерлан Ғаділетұлы

34. Батырхан Жолдас Нұрланұлы

35. Башимов Марат Советұлы

36. Баялиев Рустам Ахатханұлы

37. Баялышбаев Елдос Қайыркенұлы

38. Бежецкий Сергей Владимирович

39. Бекназаров Нұрлан Құдиярұлы

40. Бектұров Ренат Нұрмолдаұлы

41. Беркімбаев Берік Серікұлы

42. Беспалинов Берген Маратұлы

43. Бәденова Әсел Жанболатқызы

44. Битеміров Дәурен Мұхтарұлы

45. Бірмағамбетов Наурызбек

46. Большерт Евгений Андреевич

47. Бұршақов Сатыбалды Ересұлы

48. Газдиева Белла Асланбековна

49. Годунова Наталья Николаевна

50. Данағұлов Ербол Жеткергенұлы

51. Данбаева Жұлдыз Сейітқамзақсы

52. Данилов Александр Сергеевич

53. Дәдебай Айбек Аркабайұлы

54. Дәуіталиев Қазыбек Нұрсейітұлы

55. Ділдәбек Дидарбек Жұмағалиұлы

56. Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлы

57. Еғамбердиева Динара Асылқызы

58. Елеусізова Бота Серікқызы

59. Ералиев Бегалы Ералыұлы

60. Ералиев Мағжан Абзалұлы

61. Ерғарин Дәурен Тілекұлы

62. Ергешбек Нұрсалдық Ергешбекұлы

63. Ерназар Шынасыл Жәнісұлы

64. Ерниязова Айсұлу Әлімжанқызы

65. Есімханов Сұнғат Қуатұлы

66. Есмагов Серік Аманжолұлы

67. Жакселекова Ботагөз Шаймарданқызы

68. Жамалов Бауыржан Салдарұлы

69. Жаманқұлова Карлығаш Қалибекқызы

70. Жансенгіров Арман Серікұлы

71. Жүкебаев Алматы Отаубайұлы

72. Жұмағазиев Эльдар Тынышбайұлы

73. Жылқыбаева Ләззат Әуезханқызы

74. Зенченко Геннадий Геннадьевич

75. Зәкиева Динара Болатқызы

76. Ильясов Еркебұлан Сайдоллаұлы

77. Имашева Снежанна Валерьевна

78. Искандерова Акерке Нұрғалиқызы

79. Кемалов Мейрамбай Тамабайұлы

80. Кенжеханұлы Рауан

81. Керімбаева Наргиза Абайдоллақызы

82. Кәрібек Дәулет Жамаубайұлы

83. Көбеева Алтынай Орманкалиқызы

84. Кузиева Замира Закировна

85. Кучинская Юлия Владимировна

86. Қажыбаева Раушан Жанабергенқызы

87. Қайдарова Диляра Радикқызы

88. Қайыпов Дәурен Айтасұлы

89. Қалижанова Сандұғаш Қайыргелдіқызы

90. Қалыков Арман Қобыландыұлы

91. Қамзабекұлы Дихан

92. Қарабасова Лаура Чапайқызы

93. Қариева Шолпан Қайратқызы

94. Қарин Ерлан Тынымбайұлы

95. Қаринова Шолпан Танатқызы

96. Қисыкова Актоты Жанаралқызы
97. Қожаев Марат Шәдетханұлы

98. Қожаниязов Серік Салауатұлы

99. Қожахметова Ләззат Таймырқызы

100. Құйқабаев Асқар Нұртуғанұлы

101. Құрмансейіт Ақжол Ахатұлы

102. Лаврентьев Андрей Сергеевич

103. Маралов Дәурен Әділмырзаұлы

104. Матжани Нұрбек Сейілханұлы

105. Медеуова Дана Теміртайқызы

106. Мекеева Жанат Жұмағазықызы

107. Мусин Бағдат Батырбекұлы

108. Мүтәліп Шахмұрат

109. Мүтиев Абылай Құрметұлы

110. Мұсылманбек Еркнат

111. Мұхамбедиев Мұратбек Қайырсапұлы

112. Мұханбетжанова Әлия Биғазықызы

113. Мұхтарова Назгүл Батыржанқызы

114. Мырзағараев Мәди Жомартұлы

115. Найымбекова Айжан Ізбасханқызы

116. Нарымбетов Бахадыр Мадалыұлы

117. Нахбаева Гүлісхан Сайфулинқызы

118. Ниязалиев Нұржан Әуезұлы

119. Нұрғалиев Ербол Жолдаспекұлы

120. Нұрмухамедов Бөріхан Жолбарысұлы

121. Осин Кирилл Владимирович

122. Оспанбеков Әмірбек Қанатбекұлы

123. Оспанов Шота Сәбитбекұлы

124. Өрісбаев Аббат Жәңгірханұлы

125. Павленко Дмитрий Иванович

126. Парсегова Анжелика Борисовна

127. Перепечина Ольга Валентиновна

128. Петров Константин Викторович

129. Пономарев Сергей Михайлович

130. Пулатов Шерзод Аббозович

131. Разбекова Ләззат Мұратқызы

132. Рамазанова Наталья Сергеевна

133. Рахметова Айзада Нұрланқызы

134. Рожин Максим Николаевич

135. Рымжанов Мәди Рысбекұлы

136. Савельева Татьяна Михайловна

137. Сағымбаева Жұлдыз Әбдіполатқызы

138. Сағынов Замир Садықұлы

139. Саилов Ерлан Бияхметұлы

140. Сайланбаев Әлібек Айдосұлы

141. Сапарова Эльмира Қарифоллақызы

142. Сартбаева Әсем Бахытқызы

143. Сарым Айдос Әмірроллаұлы

144. Себасов Марат Бакбергенұлы

145. Семидоцких Елена Александровна

146. Сәбитова Айнұр Әлімханқызы

147. Сәдуақасова Динара Тайбасарқызы

148. Скакова Айжан Амангелдіқызы

149. Смышляева Екатерина Васильевна

150. Соловьёва Ирина Анатольевна

151. Солтабаева Эльзира Әуесханқызы

152. Сулаймонова Русана Русланқызы

153. Сүгірбай Аят Исатайұлы

154. Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы

155. Сүлейменова Айсұлу Қанатқызы

156. Талаева Тәттігүл Жаксыбайқызы

157. Талғатбекова Нұргүл Ахатқызы

158. Тамабек Әбілхайыр Ғалымұлы

159. Тауан Мұхамедқали

160. Темербаева Айжан Маратқызы

161. Тен Ирина Сергеевна

162. Теңізбаев Нұрбакыт Молдахметұлы

163. Теренченко Илья Сергеевич

164. Тілемісов Тұрарбек Тілемісұлы

165. Тойлыбаева Гүлнар Қожағұлқызы

166. Тоқтамұрат Армангүл

167. Токшылық Ерлан Бейсенұлы

168. Толыбаев Нұрлан Әлішерұлы

169. Төлегенов Асылжан Қанатұлы

170. Төлеушин Қаныш Аманбайұлы

171. Төренова Қалия Батталқызы

172. Усанова Руфина Қасымовна

173. Фазылжан Анар Мұратқызы

174. Хаирова Әсел Әнуарқызы

175. Хайруллин Мұса Қарашаұлы

176. Хайруллин Арман Ғабидоллаұлы

177. Хамза Еділ

178. Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы

179. Шалбаева Айгүл Дүйсенқызы

180. Шапақ Үнзила

181. Шаталов Никита Сергеевич

182. Шермағанбет Мейрамбек

183. Шибұтов Марат Мәксұмұлы

184. Шыңғысбаева Ләззат Алтынбекқызы

185. Шербаков Станислав Александрович

186. Юлдашев Мамирхан Муталибович
- Күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралғаннан кейін делегаттар кезектен тыс ІІІ Съездің Қаулысын қабылдап, күн тәртібінің әрбір тармағы бойынша қабылданған шешімдерді бекітті.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН
ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

АЛАТАУДЫҢ ЖОСПАРЫ
ДАЙЫН БОЛМАҚ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Алатау қаласы кеңесінің отырысы өтті. Онда «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын жүзеге асыру және жаңа қаланы одан әрі дамыту мәселелері қаралды.

Олжас Бектенов биылғы І шілдеден бастап күшіне енген Конституция ауқымды президенттік реформалардың жалғасы екенін және экономиканы одан әрі жаңғырту үшін берік негіз қалайтынын атап өтті.

«Негізгі заңмен бірге «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заң күшіне енді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Alatau City жобасы экономикалық даму драйверлерінің бірі болуға тиіс. Мемлекет басшысының Жарлығымен Алатау қаласының кеңесі құрылды. Кеңестің негізгі міндеті — арнаулы құқықтық режимді уақытылы және сапалы

іске асыруды қамтамасыз ету», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Алатаудың қазіргі бар елді мекендерінің инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар жалғасуда, олар — Ынтымақ, Қоянқұс, Жетіген, Жанадәуір, Жанаталап шағын аудандары. Осы жылдың соңына дейін Қаланы дамытудың 2055 жылға дейінгі ұзақмерзімді жоспарын, жетекші халықаралық консалтингтік ARUP және BCG компанияларын тарта отырып, 2040 жылға дейінгі Даму стратегиясы мен Мастер-жоспарды әзірлеуді аяқтау жоспарлануда.

ӘЛЕУЕТ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Қазақстанда не көп, көмір көп. 2025 жылы 115,9 млн тонна көмір өндірілген. Бұл алдыңғы жылғыдан 7%-ға артық. Республика көмірдің барланған 33,6 млрд тонна қорына ие. Барланбағаны қаншама? Қазіргі өндіріс қарқынымен бұл қазына елімізге 289 жылға жетеді екен. Осы тасты «қара алтыннан» әлемде 400 түрлі өнім алынады. Сондықтан бұл құнды кенді тиын-тебенге шикізат күйінде шетелге шығара бермей, терең өндеуге басымдық берілмек. Президенттің бұл тапсырмасын орындау үшін не істеліп жатыр?

А Айхан ШӘРІП

КАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТІРЕГІ

Қос палаталы Парламенттің 30 маусымдағы соңғы бірлескен отырысында Президенттің осы пайдалы қазбаға жеке тоқталуы бекер емес. Ол энергетикалық баланста көмір басым екенін қадап айтты. Қазақстанның бүкіл энергожүйесінің жалпы қуаты 27,1 ГВт-ты құраса, соның 13,7 ГВт-ы бір ғана көмір электр стансаларына тиесілі. Көмір экспорттаудан пайда әкелумен қатар әрбір ауыл-қаламызды жылумен және жарықпен қамтамасыз ететін, бағасы да қолжетімді қуат көзі.

— Үкімет дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән береді. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7%-ға жетті. Қарқынды өсуші экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаваттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланған. Оның кемінде төрттен бірі жаңартылатын энергия көздері есебінен жүзеге асырылмақ. Әйткенмен, көмірдің мол қоры — табиғат сыйлаған артықшылығымыз! Мұны толық пайдалануымыз керек. Сондықтан биылғы наурызда Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды, — деді Қ.Токаев.

Президент алдағы 3 жылда Көкшетау, Семей мен Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларға құрылған 3 жылу электр стансасын салуды тапсырды. Бірақ Үкіметке бұл жобаларды сөзбұйдаға салушылық байқалып отырған қатаң ескертіп, олқылықты түзеуді жүктеді.

Ізінше оның бұл сынына Премьер-министр жауап берді: «Президент Көкшетау, Семей мен Өскеменде 3 көмір стансасы құрылысының созылып кетуін орынды сынға алды. Осыған байланысты Энергетика министрлігіне «Самұрық-Қазына» қорымен, Атом энергиясы агенттігімен және басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп, генерация саласындағы жобалардың белгіленген мерзімде уақытылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді тапсырамын!», — деп нықтады Олжас Бектенов.

Энергетика министрі Ерлан Аккенжоновтің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында көмір саласында қуаты шамамен 7,8 ГВт болатын инвестжобаларды жүзеге асыру жоспарланды. Ол бүгінде көмір кені қазіргі заманғы технологияларды енгізу және эко-

КӨМІР ҚУАТЫ: ҚАЛАУЫН ТАПҚАН ҚАЗЫНА

логиялық жүктемені дәйекті түрде төмендету негізінде оны барынша тиімді әрі ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуді талап ететін стратегиялық маңызды ресурс ретінде айқындалғанын жеткізді.

Қазақстан көмір кенінің қоры жөнінен әлемде 10-орында тұр. Ірі көмір кен орындары Орталық Қазақстанның екі негізгі аймағында орналасқан. Олар — Қарағанды көмір бассейні (қоры 7 млрд тонна) мен Торғай көмір бассейніндегі (6,2 млрд тонна) Шұбаркөл және Жалын кен орындары. Солтүстік-шығыс аймақта Екібастұз көмір бассейні (10,1 млрд тонна), Майкүбі көмір бассейні, Қаражыра кен орны бар.

ТҮТІНСІЗ БОЛАШАҚ — ТАЗА ҚУАТ

2025 жылдың қорытындысы бойынша көмір өндіру көлемі шамамен 115,9 млн тоннаны құрады. Көбі — 85,9 млн тоннасы коммуналдық-тұрмыстық мақсаттарға және ішкі тұтынуға пайдаланылды, ал көмір экспорты 30 млн тоннаға жетті. Қазақтың бұл шикізатын негізінен Ресей (16,6 млн тоннасын немесе 60%-дан астамын), Польша (5 млн), Өзбекстан (2 млн), Түркия (2 млн), Үндістан (1,3 млн), Малайзия (1,1 млн тоннасын) және тағы басқа елдер сатып алды.

— 2026 жылы елімізде көмір өндіру көлемі 128,9 млн тоннаға жетеді деп жоспарланған. 40 жер қойнауын пайдаланушы көмір өндіреді. Көмір саласына жаңа инвестициялар тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Жұмыс бағдарламаларына сәйкес 2025 жылы көмір өнеркәсібіндегі келісімшарттарға салынған инвестициялар көлемі 305 млрд теңгені құрады. 2026 жылы салаға тартылған инвестиция шамамен 553,5 млрд теңгеге жуықтайды деп күтіледі, — деді Е.Аккенжонов.

Бұл өнеркәсіпте 32 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Сектор тұрақты дамыса, жұмыс орындарының саны да өсетпек. Министрлік көмір саласындағы геологиялық барлауды дамытуға ерекше назар аударуда екен. Биыл жыл соңына дейін шамамен 10 учаске бойынша көмір кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы аукцион өткізу жоспарланғаны белгілі болды.

Министр Мемлекет басшысының көмір генерациясын дамытуға ұлттық жоба мәртебесін беру туралы тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет 2026 жылғы 20 наурызда «Көмір генерациясын дамыту» ұлттық жобасын бекіткенін еске салды. Аталған құжат жиынтық қуаты шамамен 7,8 ГВт болатын инвестжобалар кешенін жүзеге асыруды көздейді. Оған көмір генерациясының 5,3 гВт-тық 8 жаңа объектісін (ЖЭО) салу, генерациялайтын қуаттарды кешенді дамыту, қуаты 2,5 ГВт болатын бұрыннан бар 11 энергия көздерін жаңғыртып, кеңейту еніп отыр.

Ұлттық жоба біріншіден, озық технологиялық шешімдер негізінде тиімділігі жоғары



Президент алдағы 3 жылда Көкшетау, Семей мен Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларға құрылған 3 жылу электр стансасын салуды тапсырды. Бірақ Үкіметке бұл жобаларды сөзбұйдаға салушылық байқалып отырған қатаң ескертіп, олқылықты түзеуді жүктеді.

қуаттарды енгізуді, екіншіден, заманауи тазарту жүйелерін іске қосып, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуды қарастырады. Яғни көмірден қуат өндіретін жаңа жылу-электр орталықтары алып мұржаларынан улы түтінді будақтатпауға тиіс. Оның бәрі арнайы фильтрмен тұтылуы және қайта өндеуге жіберілуі қажет.

Үшіншіден, Үкімет қолданыстағы көне көмір электр стансаларының тиімділігі мен сенімділігін арттыра отырып, оларды кезең-кезеңімен жаңғыртуға міндеттелді. Төртіншіден, ұлттық жоба аясында көмір өндіру көлемі ұлғайтылады, сондай-ақ көлік-логистикалық инфрақұрылым дамытылады. Бесіншіден, жаңа технологиялармен жұмыс істей алу үшін персоналдың біліктілігін арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және сала қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын күшейту көзделген. Осы мақсатта, мысалы, кеше Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Павлодар облысына жұмыс сапары барысында еліміздегі ең ірі көмір өндіруші кәсіпорын — «Богатырь Көмір» ЖШС қызметімен арнайы танысты. Қазақстандағы бүкіл көмір өндірісінің шамамен 38%-ы жалғыз осы кәсіпорынның еншісінде. «Богатырь» және «Север-

ный» кеніштерінің жылдық өндірістік қуаты 42 млн тонна, мұнда 6,5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Кәсіпорын басшылығы жұмысшылардың орташа айлық жалақысы 750 мың теңгеден асатынын әңгімелейді. 2032 жылға дейін жалпы инвестиция көлемі 360 млрд теңге болатын кешенді даму жоспарын жүзеге асыру көзделген.

Ерлан Аккенжоновтің айтуынша, ұлттық жобаны жүзеге асыру шеңберінде көмір генерациясының экологиялық сипатын және тиімділігін арттыруға бағытталған «таза көмір» технологиясын қолдануға баса назар аударылады. Бұл бағытта жоғары «пайдалы әсер коэффициентін» беретін және түпкі үлестегі зиянды қалдықтарды азайтатын озық технологиялық шешімдерді пайдалану, тиімділігі жоғары көмір электр стансаларын салу міндеті тұр.

БІЗ БЫЛМЕЙТІН КӨМІРДІҢ 400 ҚҰПИЯСЫ

Әлемдік өнеркәсіпте көмірден 400-ден астам әр алуан өнім түрлері өндіріледі. Көмір тек жылу электр стансаларына не қарапайым пешке арналған қатты отын емес, сонымен бірге өте құнды химиялық шикізат. Көмірді қайта өндеу процесі тауарлардың кең ауқымды спектрін шығаруға мүмкіндік береді. Одан алынатын кокс, кокс газы, синтез-газ металлургия мен энергетикада қолданылады. Көмірден бензол, толуол, фенолдар, нафталин, аммиак, тротил, әртүрлі шайыр, май және басқа химия өнеркәсібіне арналған шикізат жасалады.

Қазір одан синтетикалық бензин, дизель, авиакеросин, мазут, жағармайлар және басқа моторлы отын шығарыла бастады. Көмірден дәрі-дәрмектер, косметика, пластмасса, синтетика, лактар мен бояулар, еріткіштер, линолеум және басқа халық тұтынатын тауарлар мен материалдар өндіріледі. Сорбенттер, белсендірілген көмір тазарту сүзгілерінде және медицинада қолданылып, адам

денсаулығына, экологияға пайда келтіреді. Энергетика министрлігінің түсіндіруінше, көмірді газға айналдыру технологиясы — дербес перспективалы бағыт ретінде дамытылмақ.

— Көмір өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыттарының бірі — көмір химиясын дамыту. Салада 3 жоба қолға алынды. Олар — Қарағанды облысында қуаты 332 млн долларлық, 1 млн тонна металлургиялық кокс өндіретін зауыт салу. Павлодар және Қарағанды облыстарында тиісінше құны 63 млн және 65 млн долларлық, 1 160 және 1 250 жұмыс орнын ашатын, қуаты 100 мың тонна көмірден дизель отынын өндіруге жететін 2 жоба, — деді Ерлан Аккенжонов.

Тағы 3 жоба пысықтау сатысында: бұлар — Қарағанды облысындағы кокс химиясы өндірісі, онда жылына 200 мың тоннаға дейін көмір шайыры өңделіп, 35 мыңға дейін бензол өндірілмек. Абай облысында жылына 300 мың тоннаға дейін аммиак және 300 мың тонна карбамид өндіру жоспарланған. Үшінші жоба — көмірден жылына 2 млрд текше метр газ өндіру: орналасар жері әлі айқындалмапты.

Бұл саланың тартымдылығы сонша, оған көрші Қытай орасан зор қызығушылық танытып отыр. Осыған орай жуырда вице-премьер Серік Жұманғарин Үрімшіге арнайы барып, Қытайдың ірі корпорацияларымен жеке келіссөз жүргізді. Ол China Pingmei Shenma Holding Group басшылығымен кездесті. Қытайлық компания Қазақстанда 1,5 млрд долларға дейін тұратын заманауи көмір-химия кешені жобасын пысықтап жатыр. Жоба көмірді терең өндеудің толық циклін құруды көздейді. С.Жұманғарин бастаманы қолдап, Қытай тарапын Қазақстанға шақырды. Келіссөздер нәтижесінде қос тарап Қазақстанның көмір ресурстарын игеру және көмір химия өнеркәсібін дамыту саласындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Өз кезегінде Премьер-министр Олжас Бектенов те өткен айдың соңында Қытайдағы «Жазғы Давос» дүниежүзілік экономикалық форумының 17-ші жыл сайынғы кездесуі аясында Xiamen Wanli Stone директорлар кеңесінің төрағасы Ху Цзиньпэймен жеке жүздескен еді. Қытайлық бұл компанияның жобасы қазақ көмірін жартылай кокс, сутегі және жоғары сапалы мұнай өнімдеріне айналдыратын, сондай-ақ ондағы молибден, германий және рений сияқты сирек металдарды терең өңдейтін қосылған құны жоғары «көмір — электр энергиясы — химия — металлургия» интеграцияланған тізбегін құруға бағытталған.

Сонымен қатар Энергетика министрлігінің мамандары көмір химиясын дамыту оңай емесіне де екпін түсірді. Себебі бұл салада ел бірнеше қиындыққа кезіккен: жобалары көп қаржыны талап етеді және өте күрделі. Қазақстанның бұл саладағы жаңа технологияларды табу, игеру және қолдану тәжірибесі тым аз. Әрі білікті мамандарды көптеп даярлау керек. Қажетті ережелер мен заңдар да әлі толық жасакталып үлгермеіті. Бірақ құнттаса, қаржы тапса, қатаң қадағаласа, салада енсерілмес асу жоқ. Ең бастысы — Үкімет қолда бар мүмкіндік пен шикізатты тиімді пайдаланып, отандық ғалымдар мен инвесторлардың басын қосып, нақты іске көшкені жөн.

МІНБЕР

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



Төтенше жағдай туындағанда қауіпсіздік туралы әңгіме көбіне апат болғаннан кейін басталады. Бірақ өндіріс саласында ең маңызды шешімдер оның алдын алуға бағытталуға тиіс. Бір бұранда уақытында ауыстырылмай, бір ереже елеусіз қалса, оның құны адам өмірі болуы мүмкін. Сондықтан бүгінде өнеркәсіптік қауіпсіздік бақылау мен есеп берудің мәселесі ғана емес, басқару мәдениетінің өлшеміне айналып келеді. Осы мәселе төңірегінде Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті басқармасының басшысы Ахан Телмановпен бағыттың ел экономикасы үшін маңызы туралы әңгімелестік.

Ахан ТЕЛМАНОВ,
Өнеркәсіптік қауіпсіздік
комитетінің басқарма басшысы:

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОНЫҢ САЛДАРЫМЕН КҮРЕСУДЕН ТИІМДІ

— Кейінгі жылдары өнеркәсіптік қауіпсіздікке деген көзқарас қалай өзгерді? Бүгінде бұл мәселе неге бұрынғыдан да маңызды болып отыр?

— Бірнеше жылда өнеркәсіптік қауіпсіздікке деген көзқарас айтарлықтай өзгерді деп айтуға болады. Бұрын бұл ұғым көбіне өндірістегі талаптарды орындау немесе кезекті тексерістен өтумен байланыстырылып келсе, қазір оған әлдеқайда кеңірек қараймыз. Өнеркәсіптік қауіпсіздік — бұл тәуекелдерді алдын ала анықтап, олардың төтенше жағдайға ұласуына жол бермеуге бағытталған тұтас басқару жүйесі.

Әсіресе мұнай-газ саласы үшін бұл өте өзекті. Себебі бұл сала Қазақстан экономикасының негізгі тіректерінің бірі саналады. Оның тұрақты жұмысы энергетикалық қауіпсіздікке ғана емес, өңірлердің дамуына, инвестициялық тартымдылыққа және ел экономикасының орнықтылығына тікелей әсер етеді. Бірақ осының бәрінің артында өте күрделі технологиялық жүйе бар. Көмірсутектерді өндіру, тасымалдау және өңдеу процестері жоғары қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды, құбыр жүйелерін, резервуарлық инфрақұрылымды, сондай-ақ өрт пен жарылыс қаупі жоғары ортаны қамтиды. Сондықтан мұндай объектілерді пайдалану тұрақты бақылауды, технологиялық тәртіпті және тәуекелдерді жүйелі басқаруды талап етеді.

Қауіпті өндірістік объектідегі кез келген ірі апаттың салдары бір кәсіпорынның шеңберімен шектелмейді. Ең алдымен адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнеді, қоршаған ортаға зиян келеді, өндірістік процестер тоқтап, экономикалық шығындар туындайды. Сондықтан бүгінгі көзқарас бойынша қауіпсіздік — апат болғаннан кейін әрекет ету емес, оның алдын алу. Заманауи тәсілдің негізгі қағидасы да осы: қауіпті сценарийдің дамуына жол бермеу оның салдарын жоюдан әлдеқайда тиімді.

Сондықтан қазір жабдықтың техникалық жай-күйін бақылауға, уақытылы диагностика жүргізуге, технологиялық режимдерді сақтауға, өндірістік бақылауды күшейтуге және ықтимал тәуекелдерді тұрақты талдауға ерекше назар аударылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қазіргі философиясы дәл осы алдын алу қағидатына негізделген.

— Статистикаға қарасақ, қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар әлі де тіркеліп жатыр. Мұндай оқиғалардың негізгі себептері қандай және олардың алдын алуға не кедергі?

— Статистика бұл мәселенің әлі де өзекті екенін анық көрсетеді. Ведомстволық деректерге сәйкес, 2022-2025 жылдары республикадағы қауіпті өндірістік объектілерде 92 апат тіркелген. Соның салдарынан 184 адам зардап шегіп, оның ішінде 98 адам қаза тапқан. Ал 2026 жылдың толық емес дерегінің өзінде 14 апат тіркеліп, 12 адам зардап шеккен, оның алтауы көз жұмған. Әрине, 2026 жылғы көрсеткіштер толық жылды қамтымайды, сондықтан оларды алдыңғы кезеңмен тікелей салыстыруға болмайды. Дегенмен бұл деректер өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай ғана техникалық талап емес, бүкіл өнеркәсіптік сектордың тұрақтылығы мен жауапкершілігіне қатысты мәселе екенін дәлелдейді.

Тәжірибе көрсеткендей, ірі апаттар көбіне аяқастынан болмайды. Оған дейін көптеген ұсақ мәселе жиналады. Мысалы, жөндеудің кейінге қалдырылуы, уақытында жойылмаған ақаулар, жабдыққа қатысты ескертулердің қордалануы, тәуекелдердің жеткіліксіз бағалануы немесе өндірістегі жекелеген процестердің формалды түрде ғана бақылануы. Осындай шағын ауытқулар уақыт өте келе бір-бірімен байланысып, үлкен апатқа алып келуі мүмкін.

Сондықтан алдын алу жұмыстары қағаз жүзінде ғана емес, нақты өндірістік процестің ажырамас бөлігі болуы керек.

Егер тәуекелдер уақытында анықталып, қажетті техникалық және ұйымдастырушылық шаралар дер кезінде қабылданса, көптеген төтенше жағдайдың алдын алуға болады. Басты міндет — апаттың салдарымен күресу емес, оның пайда болуына мүмкіндік бермеу.

— Көп жағдайда апаттарға «адами фактор» себеп болады деп айтылады. Бірақ оның астарында қандай басқарушылық немесе жүйелік мәселелер жатады?

— «Адами фактор» деген ұғымды біз көбіне бір қызмет-

айналуы. Әрбір шешім қабылданғанда ең алдымен қауіпсіздік ескерілуі тиіс. Өйткені қауіпсіздік тек мемлекеттік органдардың немесе кәсіпорындардың міндеті емес. Қауіпті өндірістік объектілердің сенімді жұмысы өңірлердің экологиялық қауіпсіздігіне, экономикалық тұрақтылығына, қоғамның өнеркәсіптік дамуға деген сеніміне және ең бастысы — адамдардың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

— Мұнай-газ саласында «алдын алу мәдениетін» қалыптастыру үшін кәсіпорындар қандай нақты кадамдарға басымдық беруі керек? Бұл бағытта жаңа технологиялар мен тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі қандай?

— Бүгінде ең маңызды міндеттердің бірі — қауіпсіздікті өндірістегі қосымша талап ретінде емес, күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігіне айналдыру. Өйткені алдын алу мәдениеті дәл

жылға өсіп келеді. Соған сәйкес, олардың сенімділігіне қойылатын талаптар да күшейіп жатыр. Сондықтан тәуекелдерді басқару жүйесі мен техникалық бақылау құралдары бүгінгі күні өндірістің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуінің негізгі элементтерінің біріне айналды. Бұл — тек заң талаптарын орындау емес, кәсіпорынның ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін басқару мәдениеті.

— Алдағы жылдары Қазақстанда өнеркәсіптік қауіпсіздікті күшейту үшін қандай өзгерістер қажет деп санайсыз? Бұл экономиканың тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігіне қалай әсер етеді?

— Менің ойымша, алдағы кезеңде ең маңызды өзгеріс — алдын алу қағидатын одан әрі күшейту болуы керек. Өнеркәсіптік қауіпсіздік тек салалық мәселе ретінде қарастырылмауы тиіс. Оның нәтижесі ел экономикасының орнықтылығына, өңірлердің экологиялық қауіпсіздігіне, қоғамның өндіріс саласына деген сеніміне және адамдардың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

Мұнай-газ саласы Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар сала болып қала береді. Бірақ оның әрі қарай тұрақты дамуы өндірістік объектілерді қауіпсіз пайдаланусыз және апаттардың алдын алу мәдениетін қалыптастырмай мүмкін емес. Сондықтан қауіпсіздікке жұмсалған әрбір күш пен әрбір шешім тек бүгінгі өндірістің емес, болашақтағы тұрақты экономикалық өсімнің кепілі болып саналады.

Меніңше, заманауи өнеркәсіптік қауіпсіздік тексеру басталған сәттен немесе төтенше жағдай болғаннан кейін басталмайды. Ол



кердің қателігімен байланыстырамыз. Бірақ өнеркәсіптік қауіпсіздік тұрғысынан қарасақ, бұл түсінік әлдеқайда кең.

Көп жағдайда оқиғалардың негізгі себептері жекелеген жұмыскердің бірреттік әрекетінен емес, басқарушылық және ұйымдастырушылық шешімдерден туындайды. Яғни тәуекелдерді төмендету бойынша шаралардың уақытылы қабылдануы, өндірістік бақылаудың дұрыс ұйымдастырылуы, объектінің техникалық жай-күйіне объективті баға берілуі, мердігер ұйымдармен өзара іс-қимылдың сапасы және қауіпсіздік мәселелерінің кәсіпорынды басқару жүйесіндегі орны шешуші рөл атқарады.

Сондықтан бүгінде қауіпсіздік мәдениеті туралы жиі айтылады. Оның мәні — өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының тек құжаттарда емес, күнделікті өндірістік қызметтің ажырамас бөлігіне

талдап, олардың алдын алуға бағытталған шешімдерді дер кезінде қабылдау өте маңызды. Қауіпті сценарийдің дамуына жол бермеу — бүгінгі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің негізгі қағидасы.

Қазір бұл бағытта мемлекеттік саясат та өзгеріп келеді. Азаматтық қорғау саласындағы заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер профилактикалық тетіктерді күшейтуге бағытталған. Яғни басты назар апат болғаннан кейінгі әрекетке емес, оның алдын алуға аударылып отыр. Мемлекеттік бақылау тәсілдері жетілдірілуде, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін бұзушылықтар анықталған жағдайда жедел әрекет ету тетіктері дамып келеді. Сонымен бірге өндірістік тәуекелдерді басқару мен алдын алу шараларының маңызы артып отыр.

Өндірістік объектілердің технологиялық күрделілігі жылдан-

әлдеқайда ертерек басталады. Яғни жөндеуді кейінге қалдырмау туралы шешім қабылданғанда, тәуекелді елемеден бас тартқанда, сенімділік есебінен үнемдемеу қағидаты сақталғанда қауіпсіздік қамтамасыз етіле бастайды.

Дәл осындай тәсіл ғана саланың ұзақмерзімді орнықты дамуына негіз бола алады. Экономикалық өсім адамдардың өмірін сақтаумен, қоршаған ортаны қорғаумен және елдің өнеркәсіптік орнықтылығын нығайтумен қатар жүргенде ғана оның шынайы нәтижесі болады. Сондықтан өнеркәсіптік қауіпсіздікке салынған инвестиция немесе қабылданған шешім — бұл тек бір кәсіпорынның мәселесі емес, тұтас елдің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуына қосылатын үлес.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

ӘЛЕУМЕТ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Мектеп – бала өзін әркез қауіпсіз сезінуге тиіс орта. Алайда қазір кейбір оқушылар үшін сынып табалдырығын аттау – күн сайын психологиялық қысыммен бетпе-бет келумен бірдей. Бас прокуратураның дерегінше, 2024 жылы буллингке қатысты 200 жағдай тіркеліп, чат-боттан 1800-ден астам өтініш келіп түскен. Уәкілдің мәлімдеуінше, жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау жағдайының 22 пайызының негізгі себебі мектеп қабырғасындағы буллинг болған. Маңызды атап өтерлігі, бұл ресми тіркелгендері ғана. Ал қоғам талқысына шықпай, «өзара шешілді» деген желеумен жабулы қазан күйінде қалған оқиғалардың саны сіз бен бізге беймәлім.

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

**1459 САУАЛНАМА
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
ЖАРИЯЛАНДЫ**

Таяуда Алматыда сарапшылар Қазақстан мектептерінде қауіпсіз білім беру ортасын дамыту және буллингтің алдын алу бағытындағы «ДосболLike» бағдарламасының қоғамдық сараптама нәтижелерін ұсынды. Зерттеу негізінде 1459 сауалнама қорытындысы жарияланған. Оның 779-ы ата-аналардан, 70 жауап оқушылардан және 610-ы педагогтардан алынған. Сарапшылардың айтуынша, зерттеу нәтижесі мектептерде буллингтің алдын алуға бағытталған бағдарламаның белсенді жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Мәселен, сауалнама кезінде оқушылар мен педагогтардың басым бөлігі мектепте сынып сағаттары, тренингтер мен түрлі жобаның ұйымдастырылатынын растаған. Алайда бірнеше сағатқа ғана созылатын мұндай іс-шаралардың өткізілуі, шын мәнінде, бағдарламаның тиімді жүзеге асырылуына өлшем бола алмайды. Керісінше, балалар арасында жүргізілген сауалнама бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесіне күмән тудырады. Оқушылардың берген жауабына сүйенсек, мұндай іс-шаралар көбіне есеп беру немесе әлеуметтік желілерде жариялау үшін өткізіледі.

— Бүгінде Қазақстанда буллинг мәселесі мүлде көтерілмейтін мектеп бар деп айту қиын. Бұл тақырып қоғамдық талқыға еніп, мектептердің күн тәртібіне шықты. Қазір буллинг туралы ашық айтыла бастады. Алайда біз үшін бұл жұмыстың нәтижесі қаншалықты тиімді екені маңызды болды. Дәл осы тұста айтарлықтай алшақтық байқалды. Өйткені буллингке ұшыраған балалардың үлесі әлі де жоғары. Зерттеу барысында мұндай жағдайда балалардың көбіне қорғансыз қалатынын аңғардық, яғни мектептегі жүйе буллинг жағдайларына әлі де болса тиісті деңгейде әрекет ете алмай отыр. Көп жағдайда жұмыс акпараттық материалдармен, түсіндіру шараларымен ғана шектеледі. Буллингтің түрлері түсіндіріледі, оның зияны туралы айтылады. Бірақ нақты оқиға орын алғанда мәселені шешу тетіктері әлсіз, — деді психолог, Just Support қорының басшысы Светлана Богатырева.

ЖАҒЫМСЫЗ СТАТИСТИКАНЫ ЖАСЫРУҒА ТЫРЫСАДЫ

Пилоттық кезеңнің қорытындысы бойынша жәбірленушілер мен агрессорлар санының азайғаны хабарланды. Алайда Светлана Богатырева мұндай қорытынды жасауға негіз болған бағалау тәсіліне күмәнмен қарайды. Оның пікірінше, тиімділік оқу жылының

МЕКТЕП ҚАУІПСІЗ МЕКЕН БЕ?

басы мен соңында жүргізілген сауалнамалардың нәтижесін салыстыру арқылы бағаланған. Бірақ тек сауалнамаға сүйену бағдарламаның шынайы әсерін анықтау үшін жеткіліксіз. Себебі балалар сұрақтарды әрқалай түсінуі мүмкін. Ал олардың сол сәттегі көңіл күйі мен эмоциялық жағдайы жауаптарына белгілі бір деңгейде ықпал етеді.

— Егер зерттеу барысында бір балалар тобы жыл бойы бақылауға алынса, мәселен, оқу жылының басында агрессор болған оқушының кейін мінез-құлқы өзгергенін анықтауға мүмкіндік болар еді. Ал бұл жағдайда тек орташа көрсеткіштер салыстырылған. Сонымен қатар балалардың өздері көптеген мектепте мұндай сауалнамаларды қайта толтыру тәжірибесі кездесетінін айтты. Кей жағдайда мұғалімдер жағымсыз көрсеткіштердің тіркелуін қаламай, мәселенің ауқымын төмендетіп көрсетуге тырысады, яғни шынайы жағдайдан гөрі қолайлы көрініс қалыптастыруға ұмтылуы байқалады. Сондықтан біздің негізгі қорытындымыз мынадай: буллинг туралы акпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр, бұл мәселе мектептерде талқыланады. Бірақ буллинг жағдайында нақты қандай әрекет ету керек, балалар бірбіріне қалай қолдау көрсетуге тиіс, ата-аналар мен мұғалімдер қандай қадам жасауы қажет деген мәселелер әлі де толық шешімін таппаған, — деді С.Богатырева.

58%: ҚАУІПСІЗДІККЕ КҮМӘН БАСЫМ

Енді мына бір маңызды статистикаға назар аударайық. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, ата-аналардың 34,7 пайызы ғана мектептегі буллингтің алдын алуға арналған іс-шараларға қатысқан. Сонымен қатар олардың 21,3 пайызы баласы оқитын мектепте буллинг фактілері бар деп есептесе, 36,7 пайызы бұл сұраққа нақты жауап

Ата-аналардың 58%-ы қауіпсіздікке күмәнмен қарайды

Сауалнама нәтижесі



34,7%

Буллингтің алдын алуға арналған іс-шараларға қатысқан



21,3%

Баласы оқитын мектепте буллинг бар деп есептейді



36,7%

Бұл сұраққа нақты жауап беруге қиналған

Демек, ата-аналардың 58%-ы мектеп ортасының қауіпсіздігіне толық сенімді емес немесе буллингтің бар екенін жоққа шығармайды.

өз бағдарламасын ең маңызды әрі ең қажетті жоба деп есептейді. Мәселен, мектептерде буллингтің алдын алуға арналған «ДосболLike» бағдарламасы, «Заң және тәртіп» жобасы, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы, жеке қауіпсіздік сабақтары, суицидтің алдын алу бағдарламалары қатар жүзеге асырылады. Мұның бәрі бір мектептің, нақтырақ айтқанда, бір сынып жетекшісінің мойнына жүктеледі. Ай сайын сынып жетекшілігі үшін 8-10 мың теңге көлемінде ғана қосымша ақы алатын мұғалім осы бағдарламаның барлығын іске асырып, тәрбие жұмысын қатар жүргізуге тиіс. Алайда мұндай талаптарды сапалы орындау іс жүзінде өте қиын. Өйткені тәулікте небәрі 24 сағат бар. Мектеп психологтарының болуы да мәселені толық шеше алмайды, себебі олардың да жұмыс жүктемесі жоғары. Сондықтан біздің ұсынымымыздың бірі — мектептерде пән мұғалімі болып жұмыс істемейтін, тек тәрбие жұмысына жауапты арнайы куратор немесе босатылған сынып жетекшісі қызметін енгізу. Мұндай жағдайда маман тәрбиелік жұмысты барлық бағыт бойынша сапалы жүргізуге мүмкіндік алар еді. Ал қазір мұғалімдер уақыт тапшылығына байланысты есеп берумен ғана айналысады. Әлеуметтік желілерге бейнероликтер жүктеп, түрлі есеп дайындап, жұмыстың жүргізіліп жатқанын көрсетуге мәжбүр. Өкінішке қарай, тәрбие жұмысының мазмұндық жағына терең үнілуге мүмкіндік берілмейді. Себебі жоғарыда айтып өткенімдей, жүктеме ауыр, — деді С.Богатырева.

Зерттеу қорытындысы мектептердегі тәрбие жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуына қатысты бірқатар мәселені де алға шығарды. Сарапшы мектептерде түрлі бағыттағы бірнеше бағдарламаны қатар жүзеге асырғаннан гөрі, барлық тәрбие бағытын біріктіретін бірыңғай жүйені енгізу тиімді деп есептейді. Сондай-ақ зерттеу нәтижесі бағдарламалардың мазмұнын қайта қарау қажеттігін де көрсетті. Ата-аналар мен мұғалімдер тәрбие жұмысы өмірлік дағдыларды дамытуға көбірек бағытталуға тиіс деген ортақ пікір білдірген. Атап айтқанда, оқушыларды жанжал мен буллинг жағдайында дұрыс әрекет етуге, көмек

сұрау тетіктерін білуге және өз құқықтарын қорғауға үйретуге басымдық беру ұсынылған.

— Мысалы, егер сізге біреу ауыр сөз айтса, қалай жауап берген дұрыс? Қарымта ретінде күш қолдануға бола ма және оның салдары қандай? Көмек сұрау үшін кімге жүгіну керек? Осындай нақты практикалық дағдылар жетіспейді. Қазіргі бағдарламаларда буллингтің түрлері мен белгілері туралы акпарат берілгенімен, нақты жағдайда қандай әрекет жасау керектігі жеткілікті деңгейде түсіндірілмейді. Балаларға заң аясында дұрыс әрекет етудің жолдарын үйрету қажет. Өйткені бүгінде буллинг үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған, тиісті заңнамаларға буллинг ұғымы енгізілген. Оның не екені, неге жол беруге болмайтыны және қандай салдары бар екені туралы балалар да, педагогтар да жақсы білуге тиіс. Сондай-ақ ата-аналар үшін қысқа әрі түсінікті нұсқаулықтар әзірлеу қажет деп санаймыз. Бұл мәселе бойынша барлық тараптың нақты әрекет алгоритмін білгені маңызды. Өкінішке қарай, біз қазір мектептерде мұндай жүйелі тәсілдің қалыптасқанын көрмедік, — деді психолог.

МҰҒАЛІМ ДЕ АГРЕССОР БОЛУЫ МҮМКІН

Одан өзге сарапшы ескерусіз қалып отырған тағы бір түйткілді түйреп өтті. Оның пікірінше, егер мұғалімнің өзі агрессор болған жағдайда нақты қандай әрекет ету қажеттігі айтыла бермейді.

— Тағы бір маңызды мәселе — барлық бағдарлама балалар бір-біріне буллинг жасайды деген ұстанымға негізделгендей көрінеді. Бірақ мұғалімнің оқушыны қорлап, кемсітіп, тіпті физикалық күш қолданатын жағдайлар да кездесетінін біріміз жақсы білеміз. Сондықтан ата-аналар да, балалардың өздері де қандай жағдайда қандай құқықтарға ие екенін, мұндай оқиғалар орын алғанда қалай әрекет ету қажет екенін нақты білуге тиіс. Сонымен бірге мұндай жағдайларды қалай дұрыс құжаттау, дәлелдерді жинақтау және тіркеу қажет екені де түсіндірілгені маңызды, — деді С.Богатырева.

UNICEF мәліметінше, 2024 жылдың шілде айындағы жағдай бойынша Қазақстандағы 13-15 жастағы әрбір алтыншы оқушы соңғы 30 күн ішінде кемінде бір рет буллингке ұшырағанын айтқан. Бұл көрсеткіш «Мектеп жасындағы балалардың денсаулығына қатысты мінез-құлқы», «Мектеп оқушыларының денсаулығын жаһандық зерттеу» және өзге де ұлттық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Егер әрбір алтыншы оқушы буллингке ұшыраса, мұны баланың жеке мәселесі деп қарастыру қиынсыз. Бұл бүкіл білім беру жүйесінің алдында тұрған сын.

ӨЗЕКТІ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Жол апатына ұшырап, шұғыл операцияны қажет ететін науқас, ауыр босанған ана, өмір үшін күресіп жатқан бала... Бастан өтпеген соң біз елей бермейтін басқа да әртүрлі науқас... Олардың өмірін сақтап қалатын ортақ нәрсе бар. Ол – донор. Ересек адамның бірнеше минут қана уақытын алатын қан тапсыру рәсімі бір емес, бірнеше адамның өміріне араша болуы мүмкін. Соған қарамастан, елімізде донорлық мәдениет әлі де толық қалыптасты деуге ерте.

А Айгүл СЕЙІЛ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде жыл сайын 120 миллионнан астам рет қан тапсырылады. Алайда бұл көрсеткіш барлық елде бірдей емес. Табысы жоғары мемлекеттерде қан тапсыру белсенділігі әлдеқайда жоғары болса, дамушы елдерде донор тапшылығы әлі де өзекті мәселе болып отыр.

КАНҒА СҰРАНЫС АЗАЙМАЙДЫ

Астанада бүгінде қан қоры жеткілікті болғанымен, қажеттілік жыл сайын артып келеді. Бұған халық санының көбеюі, күрделі хирургиялық операциялардың көбеюі және өңірлерден келетін пациенттер санының артуы әсер етіп отыр.

Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының басқарма төрағасы Сәния Әбдірахманованың айтуынша, қазіргі уақытта барлық қан топтарына тұрақты түрде сұраныс бар. Сондықтан донорлар қатарын үздіксіз толықтырып отыру маңызды.

Маманның сөзінше, қан қоры көбіне жазғы демалыс кезінде, мереке күндері және Рамазан айында азайып кетеді.



ДОНОРЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Себебі дәл осы уақытта тұрақты донорлардың келуі сирейді. Мұндай кезеңдерде қан орталығы бұрыннан қан тапсырып жүрген азаматтарды шақырып, ақпараттық жұмыстарды күшейтеді.

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ЖАНАРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қазақстанда қан донорлығы ерікті әрі өтеусіз негізде жүзеге асырылады. Бұл – халықаралық тәжірибеге сай келетін қағидат. Алайда кейінгі жылдары мамандар мен қоғам белсенділері донорларды әлеуметтік тұрғыдан қолдау тетіктерін жетілдіру қажеттігін жиі көтеріп жүр.

Қазір Қазақстанда ерікті түрде қан тапсырған азаматтарға ағзаның энергия шығынын өтеу үшін 0,25 АЕК, яғни 1081 теңге көлемінде өтемақы төленеді. Бұл қаражат қанның өзі үшін емес, донордың тамақтануына және физиологиялық қалпына келуіне арналған. Алайда мамандар мұндай өтемақының символикалық сипатта екенін айтып, тұрақты донорларды әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру қажеттігін көтеріп келеді. Сөзіміз жалаң болмасын, биыл сәуір айында депутат Қаракат Әбден қан донорларына төленетін өтемақыны қазіргі 0,25 АЕК-тен 1-1,25 АЕК-ке дейін ұлғайтуды және «Құрметті донор» мәртебесін қайта енгізуді ұсынған

болатын. Алайда Үкімет бұл бастама қосымша бюджет шығынын талап ететінін айтып, қолдау білдірген жоқ.

Ал әлемнің бірқатар елінде, әсіресе Еуропада тұрақты және ерікті донорларды қолдау жүйесі әлдеқашан қалыптасқан. Мәселен, Италияда тұрақты донорларға ақылы демалыс күні берілсе, Испания мен Португалияда тегін медициналық тексерулер ұйымдастырылады. Польшада «Құрметті донор» мәртебесін алған азаматтарға әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған. Ал Ұлыбритания, Швеция, Ирландия және Аустралияда донорларға олардың тапсырған қаны қай ауруханада пайдаланылғаны туралы SMS немесе мобильді қосымша арқылы хабарлама

Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының басқарма төрағасы Сәния Әбдірахманова да Қазақстанда донорларды қолдау тетіктерін жүйелеу қажет деп санайды. Оның айтуынша, қазір тұрақты донорларға алғыс хаттар табысталып, серіктес ұйымдардың қолдауымен кинотеатр билеттері мен түрлі жеңілдік ұсынылғанымен, бұл мемлекеттік қолдау жүйесіне кірмейді. «Менің ойымша, ең бастысы, тұрақты және ерікті

донорларды қолдау тетіктерін мемлекеттік деңгейде күшейту керек. Донорлардың қоғамға қосып отырған үлесін ескере отырып, оларға арналған әлеуметтік ынталандыру шараларын заңнамалық тұрғыда қарастыру маңызды. Сонымен қатар жұмыс берушілердің донорлықты қолдауын арттыру және жастар арасында донорлық мәдениетін қалыптастыру қажет. Осындай кешенді шаралар ерікті және тұрақты донорлар санын арттыруға мүмкіндік береді. Өз басым донорларды қолдаудың бірыңғай ұлттық бағдарламасын енгізуді ұсынар едім. Бұл донорлардың қоғамдағы мәртебесін арттырып, жаңа донорларды тартуға мүмкіндік береді», – дейді ол.

ЖАСТАР – ДОНОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТІРЕГІ

Қан қызметінің тұрақтылығы, ең алдымен, жастардың белсенділігіне байланысты. Себебі 18 жастан бастап донор болған азамат денсаулығы мүмкіндік берген жағдайда ұзақ жылдар бойы тұрақты түрде қан тапсыра алады. Мамандардың айтуынша, жас ағза қан тапсыру рәсімінен кейін тезірек қалпына келеді. Сондықтан әлемнің көптеген елінде донорлық мәдениетін қалыптастыру жұмысы, ең алдымен, студенттер мен жас мамандарға бағытталады.

Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы да осы бағытқа ерекше көңіл бөліп келеді. Жоғары оқу орындарында көшпелі донорлық акциялары өткізіліп, дәрістер ұйымдастырылады. Әлеуметтік желілер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бір рет қан тапсырған жастармен байланыс үзілмей, олардың тұрақты донорға айналуына жағдай жасалады.

Мәселен, Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы мен Назарбаев университеті бірлесіп өткізген акциялар нәтижесінде 2023-2025 жылдары университет қауымдастығының 714 мүшесі қан тапсырып, 321 литрден астам қан жиналған. Тек 2025 жылдың ақпанындағы екі күндік акция барысында 200-ге жуық адам донор атанса, олардың 74-і студент болған. Бұл жоғары оқу орындарындағы ақпараттық жұмыстардың жастардың азаматтық белсенділігін арттырудағы маңызын көрсетеді.

КАН ҒАНА ЕМЕС, СҮЙЕК КЕМІГІ ДЕ ӨМІР СҮЙІЛАЙДЫ

Көпшілік қан донорлығы туралы жақсы біледі. Ал гемопоэздік дін жасушалары донорлығы жөнінде ақпарат әлі де аз. Донорлықтың бұл түрі лейкоз, лимфома, апластикалық анемия секілді қан ауруларымен күресіп жүрген адамдар үшін кейде жалғыз емдеу тәсілі саналады.

Қазақстандағы Ұлттық сүйек кемігі донорларының тіркелімі 2011 жылдан бері жұмыс істейді. Биылғы шілдедегі мәлімет бойынша тіркелімі 15500-ден астам әлеуетті донор бар. Жыл сайын олардың қатары шамамен 1500-1700 адамға көбейеді. Ал биыл тағы екі мыңға жуық жаңа еріктіні тіркеу жоспарланып отыр.

Мамандардың айтуынша, бұл жерде басты мәселе донорлар санында ғана емес. Ең маңыздысы – пациентпен тіндік сәйкестік анықталған кезде донордың өз шешімінен бас тартпауы. Сондықтан тіркеліміге қабылданатын әрбір азаматпен алдын ала кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

БІР БӨТЕЛКЕ ҚАН – ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ

2025 жылдың қорытындысы бойынша Астанада 5830 тұрақты қан доноры тіркелген. Бұл азаматтар мындаған адамның өміріне араша болып жүр. Өйткені бір адамның тапсырған қаны компоненттерге бөлініп, бірнеше науқасқа құйылады.

Қазіргі әлемде донорлық медициналық қызмет қана емес, азаматтық мәдениеттің көрсеткішіне айналды. Дамыған елдерде адамдар қан тапсыруды қалыпты өмір салтының бір бөлігі ретінде қабылдайды. Қазақстан да осы бағытқа бет бұруы үшін донорларды мемлекеттік деңгейде қолдау, жастар арасында ақпараттық жұмысты күшейту және қоғамда донорлықтың маңызын кеңінен насихаттау қажет. Өйткені донорлық – жай ғана бір бөтелке қан емес. Бір отбасының үміті, бір ананың көз жасы, бір баланың болашағы дәл осы бір бөтелке қанға тікелей байланысты болуы мүмкін.



ТҮЙТКІЛ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Заманға сай өркениетті қоғамға қарай аяқ басқан елімізде барлық салаға ине-жіптен жаңа шыққан тың технологиялар мен цифрландырылған құрылғылар жедел түрде енгізіліп келеді. Әрине, құптарлық жайт. Тіпті жоғарыдан берілген тапсырманы асыра орындаймыз деп тырмысқан жергілікті шен-шекпенділер «бояушы, бояушы дегенге сақалын бояптының» керін жасап жатқандай әсер қалдырады. Қай салаға барсаңыз да, қай жиынға кірсеңіз де, қай министрдің баяндамасын тыңдасаңыз да, алдыңыздан «Цифрлық трансформация», «Қағазсыз құжат айналымы», «Ашықтық» деген тіркестер шығады. Бірақ бұл тың жаңалықтардың артында бір жағымсыз құбылыс байқалып келеді. Шенеуніктер үшін цифрландыруды енгізу әдет-тегідей басты мақсатқа айналса, ал оның салдарын күнделікті арқалап жүрген кәсіпкердің жағдайы екінші қатарға ысырылып барады.

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бүгінде дәл осындай жағдай Бірынғай көлік құжаттарын басқару жүйесінің төңірегінде қалыптасып отыр. 2026 жылдың 1 маусымынан бастап салмағы 3,5 тоннадан асатын көліктермен жүк тасымалдайтын барлық тасымалдаушы, жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушы үшін жол парактары мен тауар-көлік жүк құжаттарын жоғарыдағы жүйесінде тіркеу міндетті болған. Министрлік мұны көлік саласын цифрландырудағы аса маңызды қадам ретінде таныстырды. Ресми түсіндірмеде жүйе қағазбастылықты азайтып, құжат айналымын жеңілдетіп, көлеңкелі тасымалмен күресуге мүмкіндік беретіні тайға таңба басқандай көрсетілген. Алайда кәсіпкерлердің айтуына қарағанда, әдемі идеяның астында шешілмеген, қордаланған мәселелердің тұтас қабаты жатыр. Түйткілді жағдайды алғашқылардың бірі болып ақмолалық кәсіпкерлер облыстық кәсіпкерлер палатасында өткен кезекті жиында өткір көтерді.

ЖҮЙЕ ҚОСЫЛДЫ, ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Тасымалдаушылар, ауыл-шаруашылық тауар өндірушілері мен өндіріс өкілдері қатысқан жиында кәсіпкерлер жүйені енгізудің қазіргі формасына қатысты алаңдаушылықтарын ашық жеткізді. Олардың айтуынша, мәселе цифрландырудың өзінде емес. Мәселе әлі дайын емес инфрақұрылым мен шикі платформаны бүкіл ел бойынша міндеттеуде болып тұр.

Ақмола облыстық кәсіпкерлер палатасы төрағасының орынбасары Расул Сыздықовтың айтуынша, бизнес ең алдымен айыппұл санкцияларының енгізілуіне алаңдап отыр.

«Ұсынылған жүйе әлі дайын емес. Бұл кәсіпкерлердің жұмысына айтарлықтай үлкен кері ықпалын тигізеді. Өйткені жүйенің техникалық және ұйымдастырушылық дайындығы толық қамтамасыз етілмеген жағдайда жазалау шараларын қолдану әділетсіз болмақ», — дейді Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасы төрағасының орынбасары Расул Сыздықов.

Шынында да, сұрақ өте орынды. Егер жүйе жиі істен шыкса, интернеті мүлдем ұстамайтын шалғай ауылдарда жұмыс істемесе, тиісті қолдау қызметі жауап бермесе кім кінәлі болмақ. Ал кәсіпкер құжатты уақытында рәсімдей алмағаны үшін айыппұл төлеуі бек мүмкін. Мұны «цифрландыру»

САНДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖАСЫРЫН ТҰСАУЫ



деп атауға бола ма? Әлде бұл цифрлық бюрократияның жаңа түрі ме деген заңды сауал туындайды.

Ақмола облысы — Қазақстанның басты аграрлық аймақтарының бірі. Мыңдаған тонна астық, жанармай, тыңайтқыш, мал азығы күн сайын ауданнан ауданға, облыстан облысқа тасымалданады. Бірақ сол тасымалдардың басым бөлігі өтетін ауылдық аумақтарда интернет мәселесі күні бүгінге дейін толық шешілмеген. Интернеттің өзі әлі күнге жетпей жатқан ауылдарда «цифрландыру төңкерісін» енгізу бос қиялдың әңгімесі сияқты болып көрінеді. Мұны кәсіпкерлер де жеріне жеткізіп, түйткілдің қазірдің өзінде түсініспеушіліктер туғызып жатқанын баян етті.

Жергілікті кәсіпкерлердің айтуынша, көптеген өндірістік алаңда, карьерде, элеваторда, жалпы барлық шалғай елді мекенде байланыс тұрақсыз. Кей жерлерде мүлде жоқ. Осындай жағдайда толықтай онлайн режимде жұмыс істейтін жүйені міндеттеу логистикалық процестерді аса зор тоқырауға ұрындыруы мүмкін. Шенеунік үшін интернеттің жоғы статистикадағы жол ғана болуы мүмкін. Ал жүргізуші үшін ол кезекті рейстің тоқтауы, фермер үшін өнімнің кешігуі, жалпы барлық кәсіпкер үшін аса үлкен шығындарды әкелетіні сөзсіз.

БІР АДАМ — ДИРЕКТОР, БУХГАЛТЕР ӘРІ ЖҮРГІЗУШІ

Ақмолалық «Агроглобал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ольга Липень бизнестің алға басқан қадамын кері қарай шегертетін

жаңа жүйені кәсіпкерлердің менгеруіне оқыту жүйесі де ойластырылмаған», — дейді Ольга Липень.

Бұл орайда жаһанға жар салып цифрлық реформалар жүргізіп, оны бірден күнделікті өмірге енгізе салу кей сәтте еш дайындықсыз әрі жергілікті кәсіпкерлер мен ортаның мүмкіндігін ескермей жасалатындай әсер қалдырады.

Ольга Липень көтерген тағы бір мәселе тіпті күлкілі көрінуі де мүмкін. Бірақ оның астарында батпандай түйткілдің жатқаны ақиқат. Мәселен, өнім өндіріп шығарушы компания өнімді литрмен есептейді. Ал жүйе тек келімен жұмыс істеуді көздейді. Көлемді салмаққа қалай дұрыс аудару керектігі жөнінде нақты түсіндірме жоқ. Нәтижесінде кәсіпорындар қосымша уақыт жұмсап, құжаттардағы сәйкессіздік тәуекелін арттыруға мәжбүр болған. Мемлекет басшысы Жолдау жолдарында цифрландыру адамның жұмысын жеңілдетуі тиіс екені туралы қадап айтады. Ал іс жүзінде адам сол жүйеге «бейімделіп» жатыр.

БИЗНЕСТІҢ ДЕ АРЫЗ-АРМАНЫ БАР

Кәсіпкерлер көтерген тағы бір маңызды мәселе — Бірынғай көлік құжаттарын басқару жүйесінің кең таралған корпоративтік жүйелермен толық интеграцияланбауы болып отыр. Атап айтқанда, 1С, ERP, WMS секілді бағдарламалармен үйлесім жеткіліксіз болғандықтан, көптеген компания мәліметтерді екі рет енгізуге мәжбүр. Біріншісі өзінің ішкі жүйесіне енгізілсе, екіншісі мемлекеттік платформаға тіркеуге міндеттелген. Яғни мұның салдарынан компанияда қызметкерлер саны көбейеді, уақыт жоғалады, адами қателік тәуекелі арта түседі. Цифрландырудың басты қағидасы — «бір рет енгіз, барлық жерде қолдан» болғанымен, қазіргі шынайы жағдайда бизнес «екі рет енгіз, үш рет тексер, төрт рет түзет» режиміне көшкендей әсер қалдырады.

Жиында ең үлкен наразылық айыппұлдарға байланысты болды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, құжаттарды тіркемегені немесе қате мәлімет енгізгені үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Кейбір санаттар бойынша айыппұл ондаған айлық есептік көрсеткішке дейін жетеді. Бұл орайда, бизнес қауымдастығының қойып отырған талабы қарапайым. Жиынға қатысқан кәсіпкерлер бір жылдық өтпелі кезең берілсін, алғашқы кезеңде

ескерту қолданылсын, офлайн режим енгізілсін, жүйе толыққанды тестіленсін тек содан кейін қатаң әкімшілік жауапкершілік енгізілсін дейді. Бұл талаптарды радиалды немесе негізсіз деу қиын.

Себебі дәл осыған дейін мемлекет өзі де жүйенің толық дайын емес екенін мойындап, міндетті талаптардың күшіне енуін бірнеше рет кейінге шегерген болатын. Министрліктің өзі де бұған дейін жүйені техникалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігін мойындап, міндетті талаптардың күшіне ену мерзімін бірнеше рет кейінге қалдырған. Тіпті ресми түрде 2026 жылдың 1 маусымына дейін кейінге қалдыру туралы шешім қабылданған еді.

Сонда бірнеше жыл бойы сдaiындалған жүйе неге іске қосылған алғашқы күннен бастап сонша сұрақ туғызды деген заңды сауал туындайды? Министрлік жаңадан енгізілген жүйе құжаттарды электронды форматқа енгізуге назар аударылғанымен түсіндірді.

— Құжаттарды жүйеде тіркеу тасымалдарды рәсімдеу процестерін жеңілдетуге, қағаз құжат айналымының көлемін азайтуға және құжаттарға электронды форматта қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған, — деп мәлімдеді министрлік.

Бүгінгі бірынғай құжат айналымы төңірегіндегі дау бір ғана платформаның мәселесі емес. Бұл — Қазақстандағы жалпы цифрлық реформалардың жалпы тағдырына қатысты мәселе десек, артық айтқандық болмас. Егер мемлекет бизнеске серіктес ретінде қараса, онда реформа бірге жасалады. Мемлекет бизнеске тек бақылау нысаны ретінде қараса, онда кез келген жақсы бастама қарсылыққа тап болады.

«Ақмола облысының кәсіпкерлері цифрландыруға қарсы шығып отырған жоқ. Олар дайын емес жүйені міндеттеуге қарсы. Олар қағаздан бас тартуға қарсы емес. Жергілікті кәсіпкерлер алдағы уақытта жұмысын тоқтататын платформадан қауіптенеді. Тәртіпке қарсы болмағанымен, әділетсіз жауапкершілікке қарсы. Сондықтан бүгінде ең маңызды сұрақ ЕСУТД енгізіле ме, енгізілмей ме деген мәселе емес. Негізгі сұрақ мемлекет кәсіпкердің үнін ести ме дегенге келіп тіреледі. Егер естімесе, цифрландырудың жарқын ұраны ертең бизнес үшін жаңа кедергіге айналуы мүмкін», — дейді Ақмола облыстық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлер құқығын қорғау кеңесінің төрайымы Валентина Герашенко.

Р.С.

Расында да, цифрландырудың табысы енгізілген платформалардың санымен емес, кәсіпкердің жұмысы қаншалықты жеңілдегенімен өлшенбек. Егер шалғайда жатқан ауылдарда фермер интернет іздеп алмай, жүргізуші жүйеге кіре алмай, рейсінен қалса, ал кәсіпкер құжат толтырудан бас көтермесе, онда цифрлық реформа өз мақсатына жетті деу қиын. Сондықтан бүгін мәселе жаңа жүйені енгізуде емес, оны өмірдің шынайы жағдайына бейімдей білуде болып тұр. Бұл орайда тиісті құзырлы жауапты органдар жоғарыға берілетін жоспардың сақалай-сай орындалғанын емес, іс жүзінде оның қалай әсер ететіне бір уақ көңіл бөлсе дейсін.

МӘСЕЛЕ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Сыр өңірінің Қазалы ауданындағы Әйтеке би кентінде ондаған жылдан бері қордаланған коммуналдық мәселе тұрғындарды әбден титықтатып тұр. Жаздың аптап ыстығында көпқабатты үйлердің кіреберістерін жағымсыз иіс жайлап, жертөлелерге кәріз суы жиналып, санитариялық жағдай күннен-күнге қиындап барады. Тұрғылықты халықтың айтуынша, бұл уақытша пайда болған ақау емес. Түйткіл 36 жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген кәріз желілерінің тозуы салдарынан туындауда.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Ең алғаш бұл мәселе кенттегі Желтоқсан көшесі №28 тұрғын үйден басталғанымен, бүгінде оған көршілес көпқабатты үйлердің тұрғындары да шағым айтып отыр. Бұрын бір подъезде ғана сезілген жағымсыз иіс қазір бәріне тараған. Кейде кәріз құдықтары толып, лас су жертөлеге жайылады. Мұндай көрініс тұрғындардың тұрмысын қиындатып қана қоймай, денсаулығына да қауіп төндіріп отыр.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ «ТІЛЕГІ»

Тұрғындардың айтуынша, кәріз құдықтарының жиі бітелуі қалыпты жағдайға айналған. Әр жолы арнайы мекеме келіп құдықтарды тазалағанымен, араға аз уақыт салып мәселе қайта қайталанады. Сондықтан халық уақытша тазалау жұмыстары мәселені шешпейтінін айтады.

«Біз көпқабатты тұрғын үйдің тұрғындары ретінде бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан күрделі мәселеге байланысты көмек сұраймыз. Нақтысын айтсам, үйіміздің кіреберісінде (подъезде) кәріз жүйесінен шығатын жағымсыз иіс үздіксіз сезіледі. Иістің күштілігі соншалық, пәтерлерде тұрмыс кешу мүмкін болмай қалды. Терезе ашқанның өзінде жағымсыз иіс кетпейді. Бұл жағдай ұзақ уақыттан бері жалғасып келеді. Аталған мәселе бірінші кезекте тұрғындардың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Яғни көпшілігіміздің басымыз ауырып, өзімізді жайсыз сезінеміз. Әсіресе, балалар мен қарт адамдар үшін бұл үлкен қауіп туырады. Осыған байланысты жауапты мекемелерден кәріз жүйесіне жан-жақты тексеру жүргізіп, ақауларды анықтап, мәселені мүмкіндігінше қысқа мерзімде шешуді сұраймыз. Тұрғындардың денсаулығы мен қауіпсіздігін ескеріп, бұл мәселеге бейжай қарамай, нақты шаралар қабылдайды деп



ТЫНЫСТЫ ТАРЫЛТҚАН

ТОЗҒАН КӘРІЗ



сенеміз», — дейді кент тұрғыны Гүлзипа Сарбалаева.

Оның сөзінше, тұрғындар бірнеше жылдан бері түрлі мемлекеттік органға шағымданып келеді. Оның ішінде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметіне, облыстық басқармаларға, тіпті Президент Әкімшілігіне дейін хат жолданған. Алайда халық нақты нәтиже көрмегенін айтады.

Шағым негізінде Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандары тексеру жүргізіп, тазалау жұмыстарын ұйымдастырған. Бірақ көп ұзамай кәріз құдықтары қайта бітеліп, жағымсыз иіс бұрынғыдай тарала бастаған.

«Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі Желтоқсан көшесі, 28 үйде тұрамын. Біз тұратын үш бесқабатты тұрғын үйдің кәріз жүйесіне «Қазалы су сервис» мекемесі қызмет көрсетеді. Алайда осы аумақтың кәріз желілері мен құдықтарына 36 жылдан бері күрделі

ғып тұрады. Біз уақытша тазалау жұмыстарын емес, 36 жылдан бері жанартылмаған кәріз жүйесін толық жөндеп, жаңғыртуды сұраймыз. Өйткені бұл жай ғана тұрмыстық қолайсыздық емес, тұрғындардың денсаулығына, санитариялық жағдайға және өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін мәселе. Сондықтан жауапты мекемелер тұрғындардың үнін естіп, мәселені созбаланға салмай, нақты шешім қабылдайды деп үміттенеміз», — дейді кент тұрғыны Төлеуғазы Есмамбетов.

Тұрғындардың пікірінше, мәселе тек Желтоқсан көшесімен шектелмейді, кенттегі Счастнов және Жанқожа көшелеріндегі кәріз құдықтары да жиі бітеледі. Бұл инженерлік желілердің жалпы жағдайының нашар екенін көрсетіп отыр.

«Әйтеке би кентіндегі Счастнов көшесінің тұрғынымын. Өзім 5-қабатта тұрсам да, екі жылдан бері кәрізден шыққан күлімсі иіс өкпені қабады. Әсіресе, жаз мезгілінде таңғы сағат 7-8, қысқы күндері 8-9 аралығында су айдаған сәттері қатты сезіледі. Ауық-ауық тереземізді ашып, иісті кетіруге мәжбүрміз. Екі жылдан бері тиісті орындарға талай өтініш тастадық. Тіпті екі-үш мәрте ақылы түрде канализацияның суын тартқызып, тазалау жұмыстарын жүргіздік. Бірақ бәрібір күлімсі иістен арыла алмай отырмыз. Біздің өтінішімізге құзырлы орындардың аландап отырғаны да байқалмайды. Аталмыш аумақ халқы бұл келенсіздікті жедел түрде шешуді талап етеміз», — дейді тағы бір тұрғын Айгүл Байқадамова.

КҮТУДЕН БАСҚА ҚАЙЫР ЖОҚ

Осы мәселеге байланысты Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және ав-

томобиль жолдары бөлімі өз ұстанымын білдірді. Ресми мәлімет бойынша, бөлім басшысының міндетін атқарушы, «Қазалы Су Сервис» мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушы және КСК өкілдері тұрғындармен кездесіп, жағдайды зерделеген.

Бөлімнің мәліметінше, жағымсыз иістің басты себебі — бұған дейін кәріз суының жертөлеге жиналып, ылғалдың сақталуы байланысты болса керек. Сол себепті иіс подъездерге тарай бастаған. Жауапты мекеме бүгінде жертөлеге топырақ төселіп, хлорлау жұмыстары жүргізілгенін хабарлады. Мамандардың айтуынша, жертөле толық құрғағаннан кейін жағымсыз иіс біртіндеп жойылады. Сонымен қатар бұл мәселе тұрақты бақылауда екенін алға тартты.

«Ресми мәліметке сәйкес, жағымсыз иістің негізгі себебі — бұған дейін кәріз суының жертөлеге өтіп, онда ылғалдың жиналуынан туындап отыр. Соның салдарынан жертөледегі иіс подъездерге тараған. Осыған байланысты тұрғындарға жертөледегі ылғалдың толық кебуіне белгілі бір уақыт қажет екені түсіндірілген. Қазір жертөледе иістің алдын алу мақсатында топырақ төсеу және хлорлау жұмыстары жүргізілді. Жауапты мекеме аталған шаралардың нәтижесінде жағымсыз иіс біртіндеп жойылады деп күтілетінін, ал мәселе бөлімнің тұрақты бақылауында екенін хабарлайды», — дейді бөлімнің жазбаша жауабында.

Алайда тұрғындар бұл түсіндірмені жеткіліксіз деп санайды. Өйткені олар үшін басты мәселе — иісте емес, оның үздіксіз қайталануы беруінде болып тұр. Егер тозған инженерлік желілер толық жанартылмаса, бүгінгі тазалау жұмыстары бұл түйткілдің ертең тағы да қайталануына кепіл бола алмайды.

Негізінен коммуналдық инфрақұрылымның тозуы еліміздің көптеген өңіріне тән мәселе. Сарапшылардың пікірінше, кәріз желілерінің қызмет ету мерзімі аяқталған жағдайда оларды кезең-кезеңімен жаңғырту қажет. Әйтпесе, келенсіз жағдайлар жиілеп, санитариялық қауіп арта түсетіні айтылады.

Әйтеке би кенті тұрғындарының дәл қазіргі сәттегі талабы да осы. Олар жауапты мекемелерден уақытша шаралар емес, инженерлік желілердің техникалық жағдайына толық сараптама жасап, күрделі жөндеу немесе толық жаңғырту бағдарламасын әзірлеуді сұрайды.

Қазір жауапты мекемелер мәселенің бақылауда екенін айтқанымен, тұрғындар нәтижені сөзден емес, нақты істен күтеді. Сондықтан Әйтеке би кентіндегі түйткілді уақыт созбай шешу — тек үш үйдің ғана емес, жалпы халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін маңызды екенін қаперге алған абзал.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Ғали Мырзашев – отандық анимация өнерін дамыту, жүйелеу және қолдау мақсатында көптеген жоба мен бастамаларды көтеріп жүрген жетекші мамандардың бірі. Аниматор түсірген жаңа жоба «Жібек жолы туралы аңыз» мультфильмімен көрермен қауышатын күн де алыс емес. Бүгінде қазақ анимациясына сын көп айтылады. Аниматорлар қандай нәтиже көрсетіп жатыр? Жаңа жобаның айтары қандай? Біз бұл сауалымызды Ғали Мырзашевке қойған едік.



— «Жібек жолы туралы аңыз» мультфильмі түсіріліп бітті ме? Бұл жоба көрерменге қашан ұсынылады?

— Әңгімені әріден бастасам, мен Мәскеуде Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институтында оқыған, Әмен Қайдаровтан тәлім алған соңғы шәкірттерінің бірімін. Анимация саласына келуімнің сыры да осында. Ал «Жібек жолы туралы аңыз» мультфильмін түсіру идеясы қайдан шықты дегенге келер болсақ, маған тарихи дүниелерді оқыған көбірек ұнайды. Біз тарихқа, тарихи шығармаларға көп дендей бермейміз. Тарихи құндылықтарымызды да енді түгелдеп жатырмыз. Бұл мультфильм осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында түсірілді. Бұйырса, күзге қарай көрерменге ұсынылатын болады.

— Анимациялық фильмнің идеясы Жібек жолына қатысты секілді. Бұл жобаны таңдауыңыздың сыры неде?

— Си Цзиньпин 2014 жылы Астанаға келген сапарында «Бір белдеу — бір жол» жобасын жүзеге асыратын болып, келісімге келдік. Бұл яғни байырғы Жібек жолын қайта дамытудың жаңа белесі еді. Сол жолы маған ерекше идея келді. Мақсат — бәрімізге белгілі Жібек жолы туралы, сол жолдың бойындағы қазақ даласы туралы жоба жасау. Сол 2014 жылдан 2024 жылға дейін бұл жобаның 4-5 нұсқасы болды. 2024 жылы «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына» ұсынып жөрдім. Жоба питчингтен өтіп, түсірілімге жолдама алды. Анимация саласы идеологиялық майдан ғой. Шығыс пен Батыс ортасына көпір салу мәселесін ойлап жүргем. Өткенді де қозғап, бүгінгі күнмен аяқтауды мақсат тұттым. Мультфильм кейіпкерлерін де өткен заманмен байланыстырып (киім, шаш үлгісін), соған renk беруге тырыстық. Яғни заманауи стильді қолдандым. Авторы өзім болғаныммен, режиссураға да атсалысып отырдым. Бейнелеу шешімі жағынан «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» да ешқандай кедергі жасаған жоқ.

— Бұл мультфильм заманауи форматта түсірілді ме?

— Иә, жоба бүгінгі анимация талаптарына сай заманауи технологиялармен әзірленіп жатыр.

Ғали МЫРЗАШЕВ, аниматор:

ҚАЗАҚ

АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТА

Дегенмен оның өзегінде ұлттық рух пен тарихи негіз сақталған. Оқиға желісі бойынша жолға шыққан керуенге ханның туған бауыры опасыздық жасайды. Сол аласапыранда жаңа туған Жібек есімді қызды айдаһар алып кетіп, тауға апарды. Осылайша, бесіктегі сәби туған жерінен жырақта өседі.

Мультфильмде түркі дүниесінің сұлу да қайсар қызының тағдыры арқылы адалдық, батылдық, елге деген сүйіспеншілік секілді мәңгілік құндылықтар көрініс табады. Бұл — бір жағынан, тарихи аңызға негізделген шығарма болса, екінші жағынан, балалардың танымына лайықталып, көркем тілмен баяндалған туынды.

Фильмдегі әр кейіпкердің өзіндік символдық мәні бар. Әсіресе Жібек образы қазақ қызының тек сұлулығын ғана емес, оның қайсар мінезін, рухының беріктігін, елдік қасиетін бейнелейді. Біз көрерменге жай ғана қызықты оқиғаны емес, ұлттық дүниетаным мен тәрбиелік құндылықтарды қатар ұсыну мақсат еттік.

— Бұған дейін де мемлекеттік тапсырыспен анимациялық фильмдер түсіріліп жүр. Дегенмен бұл сала әлі де ақсап тұрған секілді. Біздегі аниматор мамандардың ең үлкен проблемасы неде?

— Әмен Қайдаров сынды ұлт анимациясының негізін қалаған тұлғалар бізге үлкен аманат қалдырды. Ол кісі өз мектебін қалыптастырып қана қойған жоқ, осы саланы кейінгі буынның лайықты жалғастыратынына сенді. Біз сол сенімге жауап беруіміз керек.

Анимация — киноның бір тармағы ғана емес, өзіндік заң-



Бізде ұлттық ертегілер де, тарихи кейіпкерлер де, балаларға айтар тағылымды дүниелер де жеткілікті. Ендігі міндет — сол мол мұраны заманауи технологияның мүмкіндігімен ұштастырып, әлемдік деңгейдегі сапалы анимациялық туындылар жасау.

дылығы, өзіндік тілі бар күрделі өнер. Ол уақытпен бірге үздіксіз жаңарып, технологиямен қатар дамып отыруға тиіс. Бүгінде әлемде жасанды интеллект, виртуалды өндіріс, жаңа визуалдық шешімдер қарқынды дамып жатыр. Егер біз осы үдерістен қалып қойсақ, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті туындылар жасау қиынға соғады.

Өкінішке қарай, біздегі ең үлкен мәселе — жүйелі маман даярлау ісінің әлсіздігі. Дарынды жастар жеткілікті, бірақ олардың кәсіби деңгейде білім алып, тәжірибе жинақтайтын ортасы аз. Аниматор, сценарист, сториборд суретшісі, кейіпкер дизайнері, 3D-модельдеуші, визуалды эффект мамандары сияқты бағыттардың бәрі бірдей дамымаған. Соның салдарынан көптеген жобадә кәсіби кадр тапшылығы сезіледі.

Сондықтан елімізде аниматорларды даярлайтын арнайы білім беру бағдарламаларын көбейту, шығармашылық зертханалар мен өндірістік студияларды дамыту қажет. Бұл салаға мемлекет, жоғары оқу орындары және жеке студиялар бірлесе қолдау көрсеткенде ғана нәтиже болады.

Біз шетелдің озық тәжірибесін де тиімді пайдалануымыз керек. Мәселен, Ресейдегі БМКИ-тің анимация мектебі-

шетке шығып қалды. Біздің мақсатымыз — жасанды интеллектінің қолынан келмейтін, оның миына кіріп шықпайтын, бейнелеу шешімін қолға алу. Сол себепті де, анимация саласын сурет сала алатын мықты мамандарға беру керек деп ойлаймын.

— Қазақ мультфильмдерінің ерекшелігі неде?

— 2016 жылы Америкадан келген жас зерттеушімен жүздесудің сәті түсті. Оның ғылыми еңбегі Орталық Азия мен Қазақстанның әлемдік анимация өнеріндегі орнына арналған еді. Біз оған кейінгі жылдары түсірілген отандық анимациялық жобалардың трейлерлері мен тұжырымдамаларын көрсеттік. Сонда ол қазақша: «Аға, көңілім құлазып отыр», — дегенде ерекше толқыдым. Қазақтың өзі көп айта бермейтін осындай тіркесті шетелдік азаматтың аузынан есту жүрекке ерекше әсер етті.

Ол: «Неліктен сіздер әлемдік анимацияны қайталауға ұмтыласыздар? Сіздердің өз жолдарыңыз, өз Әмен Қайдаровтарыңыз бар емес пе? Қайдаров қалыптастырған мектептің ізімен жүрсеңіздер де, ұтылмайсыздар ғой», — деді. Бұл сөз мен үшін үлкен сабақ болды. Шын мәнінде, қазақ анимациясының құндылығы — өз ұлттық болмысында, өзіндік көркемдік тілінде.

Сол себепті «Жібек» мультфильмін жасағанда «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» туындысының әуенін заман талабына сай жаңаша өңдеп қолдандық. Мұны біз қазақ анимациясының негізін қалаған Әмен Қайдаровтың шығармашылық мұрасына көрсетілген құрмет әрі ұлттық анимация дәстүрінің жалғастығы деп қабылдаймыз.

— Анимация саласына жастар көп келе ме?

— Дарынды жастар өте көп. Олар дарынды ғана емес, білімді, жан-жақты болып өсіп келеді. Бүгінде қазақ жастары әлемдік анимация индустриясындағы жаңалықтарды жіті бақылап, заманауи технологияларды тез меңгеріп жатыр. Көпшілігі 3D модельдеу, визуалды эффекттер, кейіпкер жасау, сценарий жазу сияқты бағыттарды өз бетінше де үйреніп, халықаралық деңгейдегі жұмыстарды зерттейді. Ең бастысы — олардың қиялы ұшқыр, ұлттық дүниетаным берік. Егер осы талантты жастарға кәсіби білім, тәжірибе жинақтайтын орта және өз жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берілсе, қазақ анимациясының болашағы өте зор деп сенемін.

Олардың арасында ерекше атап өткім келетіні — шәкіртім Абзал Еңсебаев. Абзалдың жасы — қазір 35-те. Оның дарыны бөлек, әлем деңгейіне шығатындай-ақ талантты жігіт. Мұндай жігіттер аз емес, көп. Олар бар кезде қазақ анимация саласы өсіп-өркендей береді.

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

СЕРПІН

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Қостанайда еліміздің конституциялық реформаларының жаңа кезеңіне арналған «Халықтық Конституция: сенімді болашақтың бастауы» атты ғылыми конференция өтті. Ауқымды жиынға заң ғылымының өкілдері, Парламент депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер, сарапшылар мен азаматтық қоғам мүшелері қатысып, жаңа Конституцияның құқықтық жүйені жаңғыртудағы және мемлекеттік басқаруды жетілдірудегі рөлін жан-жақты талқылады.

Конференцияның ашылуында Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов жаңа Конституцияның қоғам дамуына тың серпін бергенін атап өтті. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, елдің даму құндылықтары мен стратегиялық бағытын айқындайтын қоғамдық келісімнің негізі ретінде бағалайды.

«Президент Конституцияның мызғымас болуы мықты мемлекеттің, заң үстемдігі мен әділетті қоғамның басты кепілі екенін бірнеше рет атап өтті», — деді Құмар Ақсақалов.

Облыс әкімі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оң өзгерістер жүргізіліп жатқан реформалардың нақты нәтижесі екенін айтты. Оның сөзінше, Қостанай облысы ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге елеулі үлес қосып

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА — БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

келеді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қарқынды дамуы, инвестиция көлемінің артуы және инфрақұрылымның жаңғыртылуы нәтижесінде өңір соңғы үш жыл бойы тұрақты өсімді сақтап, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша еліміздің үздік он өңірінің қатарына енді.

Аймақ басшысы алдағы реформаларды табысты жүзеге асыру үшін жүйелі жұмыс пен уақыт қажет екенін, сондай-ақ әрбір азаматтың жоғары жауапкершілігі ерекше маңызға ие екеніне тоқталды. «Әділетті әрі қуатты мемлекет құру Конституцияны құрметтеуден, заң талаптарын бұлжытпай орындаудан және әр азаматтың белсенді азаматтық ұстанымынан басталады», — деді Құмар Ақсақалов.

Конституциялық комиссия мүшесі, заң ғылымдарының докторы Үнзила Шапақ реформалардың жүзеге асырылу кезеңдеріне жан-жақты тоқталды. Оның айтуынша, алғашқы кезеңде жаңа Конституция талаптарына сәйкес келетін құқықтық база қалыптастырылып, маңызды конституциялық заңдар қабылданды. Қазір реформалар екінші кезеңге өтіп, жаңа конституциялық модель мемлекеттік басқару жүйесінде нақты жүзеге асырылып жатыр.

«Қазір реформа екінші кезеңге өтті. Енді жаңа конституциялық модель мемлекеттік басқару жүйесінде нақты іске асырылып жатыр», — деді заң ғылымдарының докторы.



Конституциялық комиссия мүшесі, республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев Конституциядағы бірқатар өзгерістің тарихи әрі құқықтық мәніне тоқталды. Оның айтуынша, жаңа редакциядағы әрбір тұжырымның астарында мемлекет тарихы мен ұлттық сабақтастық жатыр.

«Бұрынғы Конституцияда «мемлекеттілігімізді құра отырып» делінсе, жаңа редакцияда «мемлекеттілігімізді нығайта отырып» деген тұжырым қолданылды. Бұл — қазақ мемлекеттілігінің ғасырлар бойғы тарихын мойындайтын маңызды құқықтық ұстаным», — деді ол.

Сонымен қатар спикер білім беру ұйымдарының зайырлы сипатының Конституция деңгейінде бекітілуі мен адвокатура инсти-

тутының конституциялық мәртебеге ие болуы азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтетін маңызды қадам екенін атап өтті.

Конференция барысында цифрлық қауіпсіздік пен жеке деректерді қорғау мәселелері де көтерілді. Цифрлық құқық жөніндегі сарапшы Екатерина Смышляева жаңа заңнамалық өзгерістер азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғауға бағытталғанын айтты.

«Азаматтар өздерінің қандай жеке деректері интернетте ашық қолжетімділікте жүргенін арнайы мемлекеттік сервис арқылы тексере алады. Сонымен қатар биометриялық мәліметтерді қорғау талаптары күшейтіледі», — деп атап өтті.

Өңірлік басқару мәселелеріне тоқталған облыстық мәслихаттың

төрағасы, Конституциялық комиссия мүшесі Сайлаубек Ещанов жаңа Конституция халық еркіне негізделген ел дамуының жаңа моделін қалыптастырғанын атап өтті.

«Кез келген Конституцияның тиімділігі тек оның мәтінімен ғана емес, күнделікті өмірде қаншалықты жүзеге асатындығымен өлшенеді. Біздің ортақ міндетіміз — жаңа заңды өмірлік тәжірибеге енгізіп, құқықтық мемлекетті ілгерілету», — деді ол.

Конференцияның ғылыми бөлімінде жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары мен зерттеуші ғалымдар конституциялық реформалардың ғылыми-құқықтық негіздері жөнінде баяндамалар жасады. Сарапшылар Конституцияның мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі, құқық қолдану тәжірибесін дамытудағы және заң үстемдігін қамтамасыз етудегі орны туралы өз зерттеулерін ортаға салды.

Жиын қорытындысында қатысушылар жаңа Конституцияның тиімділігі оның құқықтық нормаларымен ғана емес, олардың қоғам өмірінде нақты жүзеге асырылуымен өлшенетінін атап өтті. Заңды құрметтеу, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыру — әділетті әрі қуатты Қазақстанды қалыптастырудың басты кепілі екені айтылды.

М.ТӨЛЕУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы еліміздің бес аймағындағы Президент резиденциясын балалар игілігіне жарату туралы тапсырма берген еді. Сол бес аймақтың ішінде Қостанайдағы резиденция да бар. 2025 жылы 15 желтоқсанда мүгедек балаларға арналған облыстық оңалту орталығы болып ашылып, ел игілігіне берілді. Осы орайда жаңа орталықтың жұмысымен танысып қайттық.

Айсұлу СЪЕЗХАН

2026 жылдың 1 мамырындағы жағдайға сәйкес, Қостанай облысында 4 мыңға жуық мүгедектігі бар бала тұрады, оның 1 528-і психоневрологиялық патологиясы бар және 200-ге жуық балада тірек-қимыл аппараты бұзылған. Жалпы, 1 285 балаға оңалту емі ұсынылған. Бұдан бұрын облыста балаларға арналған жеке сауықтыру орталығы болмады, тек ересектерге арналған облыстық орталықта балалар бөлімі жұмыс істеген. Мұндағы 20 төсек орынның өңірдегі қажеттілікті толық өтей алмағанын айтпаса да, түсінікті жайт. Бүгінде жаңа орталық өңір балаларын қуанытып, бір мезетте 60 балаға, ал жылына 900 балаға реабилитациялық қолдау көрсетуге қауқарлы.

ҚОСТАНАЙДАҒЫ ЕРЕКШЕ ОРТАЛЫҚ



Оңалту орталығы 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға ақысыз негізде көмек береді. Медициналық мекемеге барған кезімізде, балаларды емдеудің бесінші легі жүріп жатты. Облыстағы әлеуметтік мекемелердің қызметін үйлестіру бөлімінің бас маманы Гүлнұр Жолдыбайқызы орталық жұмысының артықшылықтарын егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

— Орталық Қостанай облысының мүгедектігі бар, психоневрологиялық ауытқуға ұшыраған және тірек-қимыл аппаратына зақым келген балаларға ақысыз негізде медициналық көмек береді. Бала-

лардың ата-анасы, заңды тұлғаларының да бірге орналасуына мүмкіндік қарастырылған. Орталықта 7 корпус бар, 3,4-корпус жатын бөлмелермен қамтылған, 5,6 және 7-корпусарда әртүрлі емдік шара жүргізіледі, — дейді Г.Жолдыбайқызы.

Ерекше айтарлығы, орталықтың жоғары сапада қызмет көрсетуі үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры оңалту-сауықтыруға арналған құрал-жабдықтар мен жиһаздарды алуға 1,037 миллиард теңге қаражат бөлген. Қазір де бірнеше құрылғы кезең-кезеңімен жеткізіліп жатыр. Бүгінге дейін

жалпы құны 746,3 миллион теңге болатын арнайы сабақтар өткізуге қажетті оңалту орындықтары, интерактив үстел, «Атлант» нейроортопедиялық костюмдері, сонымен қатар иммерсиялық, бальнеологиялық ванна, тұз, сенсорлық, шунгит бөлмелері, «Локомат» роботтық оңалту кешені орнатылды. Бұрын резиденция аумағында тереңдігі 1,5 метрлік бассейн болса, қазір стандартқа сай лайықталып, қайта қалпына келтірілген 1 метрлік жаңа бассейн пайдаға асып тұр. Тағы бір қуанарлық жағдай, ем алу ұзақтығы 14 күннен 21 күнге дейін ұзарды.

— Балалар жылына стандартқа сай 1 рет ем-дом алуға құқылы, бірақ орталығымызда бос орындар шықса, екінші мәрте келуге болады. Мысалы, кейбір ата-аналар белгілі бір себептерге байланысты баланы әкеле алмауы, алыс жерден жете алмай қалуы да мүмкін, сондай кезде екінші рет ем алуға болады, — дейді Г.Жолдыбайқызы.

Маманның айтуынша, орталықта бүлдіршіндерге қуаныш сыйлайтын ерекше костюм бар, арбамен қозғалатын балалар «Атлант» нейроортопедиялық костюмін киген сәтте өз аяғымен нық тұрып, тік көтеріліп жүруге мүмкін-

дік туады. Ал ата-ана үшін баланың шаттанған жүзін көргеннен артық бақыт жоқ. Біз баласын екінші мәрте ем-домға әкелген ана — Жайнагүл Бажекеевамен тілдескен едік.

— Балам Естаев Әмірге БЦП диагнозы қойылды, қазір 11 жаста. Баламның күтімі үшін Наурызым ауданынан Қостанайға көшіп келгенімізге 3 жылға жуықтады. Бұдан бұрын облыстық балалар бөлімінде ем алдық, Астанаға да бардық, өзге де оңалту орталықтарынан көмек алдық, дегенмен жаңа орталықтың емдік әсері тиіп жатқанын байқадым. Баламда бір ұмтылыс пайда болды, арнайы сабақтарға өзі қатысқысы келіп, қатты қуанады, АФК, логопед қызметі көңілімізден шықты. «Локомат» десе қатты қуанады, костюмді кигендегі қуанышын көрсеніз, суды жақсы көреді, — дейді Жайнагүл ханым.

Ол орталық ашылғанын ести сала алғашқылардың бірі болып ұлын емге әкелген, мүмкіндік туса, күзде де келуге ниетті екенін жеткізді.

Орталықта бұдан бөлек, механотерапия — қозғалыс функцияларын қалпына келтіруге арналған кабинет, эрготерапия — киіну, жуыну, баспалдақпен көтерілу сияқты баланың күнделікті дағдыларын қалыптастыруға бағытталған бөлме жұмыс істейді. Орталық басшысы Жасұлан Айбаулының айтуынша, тамыз айында ағаш және киш шеберханалары да жұмысын бастайды. Бұл мүмкіндіктер әлі талай баланың жүзіне қуаныш сыйлары анық...

ДАУА

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ



— Айнұр Жоламанқызы, World Obesity Atlas деректерімен таныс шығарсыз. Онда алаңдатарлық мәліметтерді оқыдық. Жалпы, балалар мен жасөспірімдердің артық салмағы мәселесінің ушығу себебі неде?

— Иә, бұл мәселе бүгінде өте өзекті. Артық салмақ пен семіздіктің негізгі себебі — ағзаға түсетін калория мөлшерінің жұмсалатын энергиядан көп болуы. Яғни адам тұтынғанынан аз қозғалады.

Семіздік — көпфакторлы созылмалы ауру. Оның дамуына тек қозғалыстың аздығы ғана емес, генетикалық бейімділік те әсер етеді. Генетика ағзаның майды қалай жинақтайтынына және қалай жұмсайтынына ықпал етеді.

Кейінгі жылдары жоғары калориялы және ультраөңделген тағамдарды, тәтті сусындарды көп тұтыну, үйден тыс жерде тамақтанудың жиілеуі, экран алдында өткізетін уақыттың артуы, сондай-ақ бұрынғыдай белсенді ойындар мен дене қимылының азаюы жасөспірімдер арасында артық салмақтың көбеюіне себеп болып отыр.

— Накты қандай әдеттер артық салмақтың пайда болуына көбірек әсер етеді?

— Артық салмақ көбіне күнделікті қалыптасқан ұсақ әдеттердің жиынтығынан пайда болады. Мысалы, баспалдақпен көтерілудің орнына лифтіні тандаймыз, бір аялдама жаяу жүрудің орнына автобус күтеміз немесе такси шақырамыз. Таңғыасты дайындаудың орнына оны өткізіп жіберіп, мектепте кофе мен бәліш сияқты жеңіл тағамдарды тұтынамыз. Сабактан кейін қарын ашқан-дыктан сәндвич, тәтті сусындар, тәттілер немесе ләтәо сияқты снектерді сатып аламыз.

Тағы бір маңызды фактор — экран алдында тамақтану. Телефон қарап немесе телехикая көріп отырып тамақтанғанда, адамның назары басқа жаққа ауып кетеді. Ал миға тоқтық сезімінің жетуі үшін шамамен 20 минут қажет. Сол себепті адам байқамай артық

тамақтанып қояды. Бір қарағанда аз ғана артық калория сияқты көрінгенімен, уақыт өте келе ол бірнеше килограмм салмақ қосуға әкелуі мүмкін.

— Бұл жерде ас ішу мәдениеті ғана емес, тағамның құрамы да өзгерген сияқты...

— Кейінгі жылдары жасөспірімдер үйде дайындалған тағамнан гөрі фастфудты, тәтті сусындар мен ультраөңделген өнімдерді жиі тұтынады. Бұл тағамдардың құрамында қант, тұз, қаныққан майлар және дәм күшейткіштер көп болады. Өндірушілер оларды барынша дәмді әрі қолжетімді етуге тырысатындыктан, мұндай өнімдер күнделікті ас мәзіріне еніп кетті.

Мәселе олардың жоғары калориялылығында ғана емес. Мұндай тағамдар мидың марапаттау жүйесіне әсер етіп, дофаминнің бөлінуін арттырады. Бұрын бұл механизм адамға энергиясы мол тағамды тандап, тірі қалуға көмектескен. Ал қазір жоғары калориялы



Егер балаға арнайы емдік тамақтану қажет болса, диетолог оның жасын, бойын, салмағын және денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тамақтану жоспарын жасайды.

тағамдардың молдығы бұл артықшылықты семіздіктің қауіпті факторына айналдырды. Сондықтан адам тоқ болса да, осындай тағамдарды қайта-қайта жегісі келеді. Сол себепті фастфуд пен ультраөңделген өнімдерді шамадан тыс тұтыну балалар мен жасөспірімдер арасындағы семіздіктің негізгі себептерінің бірі болып саналады.

— Ата-аналар, мектеп балалары мен жасөспірімдер арасындағы семіздіктің алдын алу үшін қандай шаралар қабылдауы керек?

— Алдын алу жұмысы отбасынан басталады. Ата-аналар бала-

халықаралық WORLD OBESITY FEDERATION ұйымының WORLD OBESITY ATLAS деректеріне сәйкес, қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы артық салмақ мәселесі алаңдатарлық деңгейге жеткен. 2025 жылғы мәлімет бойынша, елімізде 5-9 жас аралығындағы 492 мың бала және 10-19 жас аралығындағы 715 мың жасөспірім артық салмақ немесе семіздікпен өмір сүріп жатыр. Сарапшылар қазіргі үрдіс өзгермесе, бұл көрсеткіш алдағы жылдары да өсетінін болжайды. Сонымен қатар артық салмағы бар балаларда жүрек-қан тамырлары ауруларының, 2-типті қант диабетінің және бауыр ауруларының ерте белгілері жиі кездеседі. Бұл семіздіктің тек сыртқы келбетке қатысты мәселе емес, ұлт денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды қауіп екенін көрсетеді. Ал біз жасөспірімдер арасында семіздіктің неге көбейіп бара жатқаны, оның негізгі себептері мен алдын алу жолдары туралы диетолог дәрігер, дәлелді диетология академиясының және «ВРАЧИ.KZ» волонтерлік қозғалысының тең құрылтайшысы Айнұр Сатпаевамен сұхбаттастық.


Айнұр СӘТПАЕВА, диетолог:

БАЛАЛАРДЫҢ ДИЕТА ҰСТАУЫНА БОЛМАЙДЫ

ойлау қабілетін дамыту өте маңызды.

— Стресс пен эмоционалдық жағдай артық салмақтың пайда болуына әсер ете ме?

— Иә, стресс пен адамның эмоционалдық жағдайы артық салмақтың пайда болуына әсер етуі мүмкін. Ұзақ уақыт бойы стресс жағдайында болған кезде ағзада кортизол гормонының деңгейі жоғарылайды. Бұл тәбетті арттырып, әсіресе тәтті және



— Әлеуметтік желілер мен жарнама жастардың тағам тандауына әсер ете ме? Егер әсер етсе, қалай?

— Иә, әсері өте зор. Әлеуметтік желілер блогерлер, жарнамалар және түрлі тренд арқылы жастардың тамақтану әдеттерін қалыптастырады. Жасөспірімдер көбіне жарнамасы көп өнімдерді тандайды, тіпті олардың құрамында қант, тұз немесе қаныққан май мөлшері жоғары болса да сол тағамдарды жейді. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде тез арықтауға арналған қауіпті кеңестер, қатаң диеталар және ғылыми дәлелі жоқ тамақтану тәсілдері кеңінен таралады. Сондықтан жасөспірімдерге сенімді ақпаратты жарнама мен маркетингтен ажырата білуді үйретіп, сыни

майлы тағамдарға деген құштарлықты күшейтуі мүмкін.

Көптеген жасөспірім қиындықты, уайымды немесе шаршауды тамақ арқылы жеңуге тырысады. Мұны «эмоционалды тамақтану» деп атаймыз. Сонымен қатар стресс ұйқының бұзылуына әкеледі, ал ұйқының жетіспеуі де тәбетті реттейтін гормондарға әсер етіп, адамның артық тамақтануына себеп болады. Сондықтан артық салмақпен күресте тек тағамға ғана емес, баланың психологиялық жағдайына, демалысына және отбасындағы қолдау деңгейіне де назар аудару қажет.

— Өңгіменізге рақмет!

Алтынай МҰХАМЕДИЕВА,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

ДАМУ

11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Әлемдік климаттың өзгеруі, энергия ресурстарына деген сұраныстың артуы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бүгінде барлық мемлекеттің даму күн тәртібіндегі негізгі басымдықтардың біріне айналды. Қазақстан да бұл үдеріске белсенді қатысып, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу, энергия тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерін дамыту бағытында жүйелі саясат жүргізіп келеді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Осы стратегиялық бағытты жүзеге асыруда Шымкент қаласы ерекше белсенділік танытып отыр. Қалада кейінгі жылдары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта, өндірісте, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында энергияны тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен іске асырылуда. Әсіресе әлеуметтік маңызы бар нысандарда күн энергетикасын пайдалану тәжірибесі кеңейіп келеді.

Осындай тиімді жобалардың бірі — Шымкент қаласындағы Victoria оналту орталығы. Медициналық мекеме бүгінде тек заманауи оналту қызметін көрсетіп қана қоймай, жасыл технологияларды енгізудің нақты үлгісіне айналған. Орталықтың шатырына орнатылған күн электр стансасы нысанның электр энергиясына деген қажеттілігінің едәуір бөлігін қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде коммуналдық шығындарды азайтып қана қоймай, энергиямен жабдықтау тұрақтылығын күшейтіп, экологиялық жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Орталықтың тәжірибесі халықаралық деңгейде де қызығушылық тудырып отыр. Осы мақсатта Шымкентке Қырғыз Республикасы Энергетика министрлігі, Тәжікстан Республикасы Энергетика және су ресурстары министр-

лігі, Қырғызстанның Ұлттық электр желісі, энергия таратушы компаниялар мен климаттық қаржыландыру ұйымдарының өкілдері арнайы келіп, әлеуметтік нысандардағы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану тәжіри-

бесімен жан-жақты танысты.

Шетелдік мамандар үшін ең алдымен медициналық мекеменің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін инженерлік шешімдер ерекше қызығушылық туғызды. Себебі орталықта инсульт алған, ауыр жаракаттан кейін оңалтудан өтіп жатқан жүздеген пациент тәулік бойы ем қабылдайды. Мұндай жағдайда электр энергиясы-



ШАҒАР ТӘЖІРИБЕСІ ТИІМДІ ҮЛГІГЕ АЙНАЛДЫ

Жобаны жүзеге асырған Senergy Electric компаниясының директоры Ерғали Шоланбаевтың айтуынша, қазір Шымкентте электр энергиясына деген сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Қаланың аумағы кеңейіп, жана шағын аудандар, әлеуметтік нысандар мен өндірістік кәсіпорындар көбейген сайын энергетикалық инфрақұрылымға түсетін жүктеме де

ұзақмерзімді шешімдердің бірі.

Мамандардың айтуынша, кейінгі жылдары күн панельдерінің тиімділігі айтарлықтай жақсарған. Заманауи жабдыктар бұрынғыдан әлдеқайда жоғары өнімділікке ие. Бұл инвестицияның өзін бірнеше жылдың ішінде ақтауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар күн электр стансалары көмірқышқыл газының бөлінуін азайтып, қоршаған ортаға түсетін экологиялық жүктемені төмендетуге ықпал етеді.

Халықаралық делегация өкілдері де Шымкент тәжірибесіне жоғары баға берді. Қырғыз Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Климаттық қаржыландыру орталығының өкілі Эрмек Тұрсыналиевтің айтуынша, Қырғызстанда да әлеуметтік нысандарға күн электр стансаларын орнату бағытындағы жұмыстар қолға алынғанымен, мұндай жобалардың саны әзірге шектеулі. Сондықтан Шымкенттегі тәжірибе өңір

елдері үшін тиімді үлгі ретінде қарастырылуда.

Victoria орталығының ерекшелігі мұнда тек күн энергиясы емес, энергияны үнемдеудің басқа да заманауи технологиялары енгізілген. Медициналық директор Мұрат Тоқмырзаевтың айтуынша, орталықта күн және жел энергиясымен қатар жылу айырмасына негізделген инженерлік шешімдер де пайдаланылады. Бұл ғимараттың энергия тиімділігін арттырып, пациенттер үшін қолайлы микроклимат қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мекемеде Еуропа, Азия және ТМД елдерінде шығарылған жоғары технологиялық медициналық жабдыктар кеңінен қолданылады. Роботтандырылған оналту құрылғылары, физиотерапиялық кешендер және цифрлық бақылау жүйелері науқастардың сауығу процесін жеделдетуге ықпал етеді.

Сарапшылардың пікірінше, Шымкентте жүзеге асырылып жатқан мұндай жобалар Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге нақты үлес қосады. Әлеуметтік нысандарда жаңартылатын энергия көздерін пайдалану тәжірибесі кеңейген сайын коммуналдық шығындар азайып, бюджет қаражаты тиімді жұмсалады. Ең бастысы, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасы артып, экологиялық таза әрі қауіпсіз орта қалыптасады.

Шымкенттің тәжірибесі жасыл экономика қағидаттары мен әлеуметтік жауапкершіліктің өзара сабақтас екенін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Энергия тиімділігіне негізделген мұндай жобалар болашақтың талабы ғана емес, елдің орнықты дамуына бағытталған нақты инвестиция. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылымда жаңартылатын энергия көздерін кеңінен енгізу Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, өңірлердің тұрақты дамуына серпін беретін маңызды бағыт болып қала береді.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы

«Энергоинформ» АҚ-ның 100% акцияларын сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлайды

• Сауда-саттықтың өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 24 шілде, сағат 10:00 (Астана қаласының уақыты бойынша).

• Сауда-саттық тәсілі: Бағаны көтеруге арналған электрондық конкурс.

• Объектінің атауы (№451696 лот): «Энергоинформ» АҚ-ның 100% акциялары.

• Объектінің мекенжайы: Тәуелсіздік даңғылы, 59.

• Бастапқы баға: 2 581 948 000 теңге.

• Кепілді жарна: 387 292 000 теңге.

• Өтінім қабылдаудың аяқталуы: 2026 жылғы 23 шілде сағат 15:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша). Сауда-саттық электрондық форматта WWW.PAYDA.E-QAZYNA.KZ веб-порталында өткізіледі. Қатысу үшін порталда тіркелу, ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) болуы және кепілдік жарнасын аудару қажет.

Толық ақпарат, өткізу регламенті және конкурс құжаттамасы көрсетілген интернет-ресурста орналастырылған.

Анықтама телефоны: +7 (7172) 692856.

«Бейнеу — Шымкент газ құбыры» ЖШС (бұдан әрі Серіктестік) Toyota Hilux маркалы 10 бірлік көлік құралын өткізу бойынша ашық тендер қорытындылары туралы хабарландыру

«Бейнеу — Шымкент газ құбыры» ЖШС 2026 жылғы 17 маусымда сағат 16:00-де Қазақстан Республикасы, А05А2К5, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 53-үй, 9/02-кабинет мекенжайы бойынша өткізілген, 2012 жылы шығарылған Toyota Hilux 2.7 маркалы 10 бірлік автокөлікті өткізу бойынша ашық тендердің қорытындыларын жариялайды. №№ 1 - 10 лоттар бойынша Жұмабек Нұрдәулет Бауыржанұлы жеңімпаз болып танылды. Ашық тендер қорытындылары туралы толық ақпаратпен серіктестіктің веб-сайтында танысуға болады: bsgp.kz.

«АВАУ sport» ЖШС (БСН 220440051131), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қ., Энергетик шағ.ауд, 2 үй, 189 пәт.

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы



№ 180

11.07.2026ж

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

КӘКИ

Балалар бақшасындағы сәбилер түскі тамаққа келгенде аспазшы апайлары мен тәрбиешілеріне тандана қарады. Өйткені бұл жолы олардың қолдарында бұрын мәзірде бола бермейтін банан бар еді. Топтасқан түйір-түйір банандар көздің жауын алады. Сәбилер тамсанып, тілдерін жалап, тамақ тарататын апайларына қарап отырды. Оларды апайлары рұқсат етпей дастарқанға қол созбауға әбден үйретіп қойған еді. Сол тәртіппен балақайлар көздері бақырайып, апайларына қарап отырды. Шыдамсыздау біреулері алдына қол соза беріп еді, тәрбиеші қолындағы шыбықпен шырт еткізіп тартып жіберді. Сәби жылайын десе қасындағы құрбыларынан ұялып, бозарып отырып қалды. Бұған тәрбиеші қымсынған да жоқ. Қайта жаудың бетін қайырған батырдай айналасына маңғаздана қарап қойды.

Осы кезде қолында телефоны бар бір тәрбиеші жетіп келді. Аспаз осы кезді пайдаланып, балаларға банан таратып жатқан аспазды әдемілеп бейнежазбаға түсіре бастады. Бәрі де керемет! Балалар алдарына қойған банандарға қарап жымың-жымың етеді. Бірақ әлі де қол созуға жүректері дауаламай тұр. Бір кезде банан таратылып та бітті. Осы кезде сәбилер алдарындағы бананға қолдарын соза беріп еді, аспаз айқай салды.

— Балалар! Бананды бүгін жемейміз. Өйткені бүгінгі банан кәки екен! Кәки бананды жеуге болмайды ғой. Солай ма, балалар?

Балалар басқаны білмесе де кәкиді біледі. Кәкиді жеуге де, ұстауға да болмайды. Осындағы біреулер байқамай ішкімдеріне кәки етіп те қояды. Сондықтан сәбилер «кәки» деген сөзден сұмдық қорқады. Ұмсына берген қолдар ауада қалқып қала берді. Біреулері қолдарына жеңсік тамақты ұстап тұрып, басқалар тастап жатқан соң амалсыз кері ысырды.

Балалардың банан көріп маз-мәйрам болып тұрған сәтін бейнеге жақсылап түсіріп алған тәрбиеші мен балалар бақшасының меңгерушісі разы күймен сыртқа шыға берді.



Бұл жасанды көрініс еді. Балалар бақшасының меңгерушісі балаларға түрлі тропикалық жемістер беріп, жарылқап жатқанын іс жүзінде дәлелдеу үшін осындай спектакль ойлап тапқан еді. Тілі жаңа шығып келе жатқан сәбилер апайларының тамаққа не бергенін ата-анасына айтып бере алады дейсіз бе, тәйірі! Сондықтан саспау керек!

Бірақ сасатын тірлік болып қалды. Бейнебаянға түсіріп, басшысын разы етпек болған «фотограф» қатты қателескен еді. Ол балаларға банан таратып болған соң телефонын өшіруі керек еді. Бірақ абайсызда балалардың алдынан бананды кері жинап алып жатқанын да жүктеп алыпты. Жоғары басшыларды да, төменгі қосшыларды да, ата-аналарды да разы етеміз деген балалар бақшасы басшыларының жоспары іске аспай қалды.

Бүгінде құзырлы органдар балаларды қойып, үлкендерді де алдағысы келген балалар бақшасының кіріс-шығысын індетіп іздеп жатқан көрінеді. Иә, кәки болды. Сол кәкиді енді мектепке дейінгі мекеменің басшылары көріп қалмаса игі.

Сол күні балалар бақшасынан үйлеріне қайтқан сәбилер түні бойы «кәки» деп шыққан көрінеді. Түкке түсінбеген ата-аналар балгерлерге барып, көріпкелдерге жүгініп алаөкпе болыпты. Телеарнадан осы көрініс берілгенде ғана «Уф!» деп демдерін алды.

Бүгінде балалар бақшасына бала беруге де қорқып қалдық. Тағы қандай «кәкидің» шығатынын кім білсін!

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



Ақылды домофон

Инстаграм деген пәле болды. Кім не істеп жатыр, бәрін инстаграмға салатын болған. Менің әйелім де сол. Тамақ ішкенін де салады. Пицца жегенін де салады, кофе ішкенін де салады, шәй ішкенін де салады. Бірақ солардың бәрін қайдан шығып жатқанын салмайды, оған да шүкір. Ұйқыдан тұрғанын салады, ұйқыға кеткенін салады. Қайда жүргенін салады, кіммен қай жерде отырғанын салады.

Біз шетелге демалуға кеттік деп, самолеттің билетін ұшатын кезімен бір аптадан кейін қонатын уақытына дейін салған ғой. Ал ұрылар бір апта бойына біздің үйімізді от души тонаған. Олар біздің үйде ненің қай жерде тұрғанын онсыз да жақсы біледі ғой. Бәрін әйелім күнде салып отыр ғой. Ол аз дегендей, «біз бір жерге кеткен кезде үйге біреу-міреулер кеп жатса, кілт мына кілемшенің астында тұрады», — деп те салған ғой. Обшым не керек үйді тонап кетті. Содан көршілер болып жиналып, үйге ақылды домофон қондырдық. Әлгі домофон бәрін таниды, бәрін біледі. Үйге бір де бір ұрыны кіргізбейді. Сенбесеңіздер қазір көресіздер, өздеріңіз.

— Саламатсызба, үйге кірейін деп едім.

— Мен сізді танымадым.

— А?

— Сізді тануым үшін пәтеріңіздің нөмірін айтыңыз. Мен 99-пәтерденмін, мені жаттап алыңызшы айналайын домофон.

— Мен сізді танымадым. Сізді тануым үшін пәтеріңіздің нөмірін айтыңыз.

— Қарындас, ой қарындас деппін-ау, домофон. Домофон қарындас, сіз немене мені үйге кіргізбейін дедіңіз бе?

— Мен сізді танымадым.

Өй неге танымайсыз, 99-пәтерде тұрамын ғой. Пәтердің нөмірін ұстап суретке түсіп едік қой.

— Сізді суреттен тану үшін фото сөзін қайталаңыз.

— А?

— Фото сөзін қайталаңыз.

— Фото, әкеннің...

— Кешіріңіз, әкеңіздің фотосы табылмады.

— Ой, әкемнің фотосы сіз түгілі өзімде де жоқ. Просто есікті аш айналайын, үйіме кірейін.

— Пәтеріңіздің нөмірін қайталаңыз.

— Әй, 99.

— Кешіріңіз! Ай 99 деген пәтер жоқ.

— Ай 99 емес, жәй 99. Просто 99. Менің пәтерім де 99. Өзім де 99 қатыным вообще 98.

— Кешіріңіз, 98-ші пәтерде сіз тұрмайсыз.

— Ойбай білем ғой мен ол үйде тұрмаймын. Мен 99-да тұрам.

— Пәтеріңіздің нөмірін нақты қайталаңыз.

— Айтып тұрмын ғой, домофон қарындас. Домофон қатын. Токсааан.

— Кешіріңіз, сіз 90-шы пәтерде тұрмайсыз.

— Өй, айтып болған жоқпын әлі. Токсан тоғыз, тоғығыз...

— Кешіріңіз 9-шы пәтерде сіз тұрмайсыз.

— Ойбай-ай, ойбай! Аша ғой айналайын. Домофон қарындас, домофон қыз, домофон қатын. Қатын десе, қатын екенсің барып тұрған.

— Кешіріңіз, сіз бұл үйде тұрмайсыз.

— Неге тұрмаймын, таңертең осы үйден шықтым ғой айналайын-ау! Ойпырмай, ішіп келгенде қатыныма бұлай жалынбаған шығармын. Аш, айналайын, өтінем аша ғой. Домофон тәте. Домофон апа. Домофон мама. Ашшы пожалуйте...

— Сіздің суретіңізді салыстырамыз. Созылған қол арақашықтығында экран алдына тұрыңыз.

— Ойпырмай, алдыңғы аптада ғана түсінді ғой суретке. Жарайды тұрайын енді. Тек үйіме кіргізіші айналайын. Түсір, түсір. Түсірмеген нелерін қалды? Қазақтың қадір-қасиетін түсіндір-

дер. Абыройын түсіндір, айлығын түсіндір. Нелерін қалды түсірмеген?

— Құттықтаймын! Фото түсірілді. Ақылды домофон функциясын пайдалану үшін смартфонның «Ақылды үй» қолданбасын қондырыңыз.

— Нені қондыр дейді? Айналайын, сен мені үйіме қондыршы әуелі...

— Сау болыңыз!

— Токта, сау болғаны несі? Ау, үйіме кірмеймін бе?

— Үйіңізге кіру үшін пәтер номерін нақты қайталаңыз.

— Нөмерді айтқаннан пайда болмай тұр ғой... Фотомен кіргізіші ең болмаса...

— Созылған қол арақашықтығында камера алдына тұрыңыз.

— Құдай-ай, ешкімге бас имеген қазақ едік, не болды, не болды мынау, домофон қатынның айтқанын істедік-ау. Ал түсір, түсір.

— Кешіріңіз, сіздің фотоныз сіздің келбетіңізге сай келмейді.

— Неге келмейд, мен не басқа біреудің суретін бетіме салып келіп тұрмын ба? Әлде пластикалық операция жасатып келдім бе? Таңертең шықтым ғой осы үйден, өз қатынымның қойынан.

— Кешіріңіз, сіздің фотоныз келбетіңізге сай келмейді.

— Еее, алдыңғы аптада менің мұртым болған.

— Кешіріңіз, мұртыңыз өскен кезде келіңіз.

— Өй, менің мұртым бір айда әрең өседі ғой... Менің мұртым бар ма, жоқ па туған әйелім байқамайды. Ал сен қатын, албасты домофон, байқап қалады екенсің де... Біздің қатынға мұрт түгілі қасынды қырып тастасаң да бәрібір.

— Түсінбедім, қайталаңыз?

— Біздің қатын менің мұртым түгілі өзіне мұрт өсіп кеткенін байқамайды.

— Ендеше әйеліңізге мұрт өскен кезде хабарласыңыз.

— Өй, шешімін сол ма? Қатын десе қатын екенсің, бетіне айтайын, білдің бе? Мен далаға қонам, білдің бе?.. Онсыз да қазақтардың бәрі үйсіз ғой. Мен де үйсіз қазақ секілді далаға қонам білдің бе?

— Пәтер нөмірін білмесеңіз, аты-жөніңізді домофонға енгізіңіз. Ал енгізейін. Тәтебаев Құралбек Нұрлыбекұлы.

— Тәтебаев Құралбек Нұрлыбекұлы.

— Сіз дәл қазір үйіңізге кіре алмайсыз.

— Неге, кіре алмаймын? Аяғым жоқ па, қолым жоқ па, неге кіре алмаймын? Мүгедекпін бе? Неге кіре алмаймын?

— Сіздің осы айда төленбеген ипотекалық несиеніңіздің қарызы бар. Сол себептен үйіңізге кіре алмайсыз.

— Ақылды домофон функциясын пайдаланғыңыз келсе, смартфонның осы қолданбаны қондырыңыз. Мен досымның үйіне кеттім. Сол үйге қонам.

Бауыржан ОРДА

ӨСЕДІ ҒОЙ

(ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ)

Таңертең маңызды кездесуге асығып киіне бастадым. Уақыт аз. Айнаға қарасам, шашым жан-жаққа лағып кетіпті, тура электр тоғына түскен кірпі секілді.

«Жолшыбай шашымды түзетіп алайын», — деп бір шаш-таразға кіре салдым.

Іште жалғыз әйел отыр екен.
— Шаш кидырайын деп едім.
— Отырыңыз, қазір әп-әдемі қылып алып беремін, — деді ол.

Орындыққа жайғасып отырдым.

Бес минут өтті.
Он минут өтті.

Он бес минуттан кейін жерге түскен шашқа қарасам, менің басым емес, бейне бір қой қырқып жатқан сияқты.

Әйел қайшысын қайшылатып жұмысын жалғастырып жатыр.

Бір кезде күдіктеніп айнаға көз тастадым. Жүрегім тоқтап қала жаздады. Басымның сол жағы әскери қызметкер, он жағы рок жұлдызы, ал төбесі жаңа көктеп шыққан жүгері алқабына ұқсап қалыпты.

— Кешіріңіз!..

Мұныңыз не? — дедім дірілдеп.

Әйел сабырлы түрде:

— Ештеңе етпейді.

— Қалай ештеңе етпейді?

— Өседі ғой...

— Өседі ғой дейсіз бе?! Мен бүгін адамдардың алдына шығамын!

— Бүгін шықпасаңыз, бүгінгі шығыңыз. Болмаса келесі апта. Оған дейін шаш өседі.

Не айтарымды білмей ашуланып тұрғанда есік ашылды. Ішке бір ер адам кірді.

— Кешіріңіздер, кешігіп қалдым.

— Сіз кімсіз? — дедім.

— Шаштараз мен едім.

Көзім аларып, қатып қалдым.

— Не?..

— Шаштараз мен едім, — деді әлгі кісі даусын көтеріп.

— Онда... мынау кім?

— Бұл еден жуатын келіншек қой.

Мен орнымнан атып тұрдым.

— Мәссаған! Еден жуатын келіншек неге менің шашымды қиып жатыр?

Әйел ренжіп қалды.

— Соншама неге айқайлайсыз? — деп дікендеді.

— Қалай айқайламаймын? Не істегеніңізді көріп тұрсыз ба?

— Шынымды айтсам, мен осы жерде бес жылдан бері еден жуамын.

— Жусаныз не болады екен?

— Бес жыл бойы қарап жүрмін ғой.

— Неге қарап жүрсіз?

— Шаш қалай қиылатынын мұқият бақылап жүрмін. Сосын сіз асығыс болғасын қиып бере салайын дегем.

— Сонда қарап жүрсеңіз, дәрігер де болып кетесіз бе?

— Неге болмаймын? Жұрттың бәрі сөйтіп үйренеді.

Ортаға шаштараз араласты.

— Негізі, талпынысы жақсы.

Қашанғы еден жуып жүреді?

— Не дейсіз, талпынысты менің басымда сынау керек пе?

Әйел қайшыны үстелге қойды.

— Ағасы не болды?

— Мына басымды қараныз!

— Қарадым.

— Бұл шаш үлгісі ме?

— Әзірге жаттығу нұсқасы.

— Сонда мен тәжірибе қояны болдым ба?

— Қоян емес, клиентсіз.

Шаштараз басын изеді де:

— Айтпақшы, бұл кісінің логикасы да күшті, — деді.

— Екеуіңіз мені мазак қылып тұрсыздар ма?

— Жок, — деді шаштараз.

Әйел тағы күрсінді.

— Бәрі бір сөзді түсінбейді екен...

— Қай сөзді?

— Өседі ғой.

— Немене, басыма гүл ектіңіз бе өсетіндей?

— Жалпы айтып жатырмын.

Сабырлы болу керек. Ағаш та өседі.

Шөп те өседі. Шаш та өседі.

Ашуға булығып қассаға бардым.

— Ақша төлеймін бе сонда?

— Әрине.

— Не үшін?

— Себебі шашыңыз қиылды.

— Бүлінді ғой!

— Бірақ қиылды.

— Сонда бұған ақша беру керек пе?

— Иә...

Ақшаны төлеп, сыртқа қарай беттедім.

Есіктің алдына келгенде ар-



тыма бұрылып әлгі әйелге қарадым.

— Бір күні біреу сіздің шашыңызды осылай қиып тас-таса, түсінерсіз, — дедім.

Әйел жымып:

— Қорықпаныз.

— Кімнен?

— Одан.

— Неден?

— Шаштың қысқарып қалуынан.

— Неге қорықпауым керек?

— Өседі ғой...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

ТОЙ ТОЙ БОЛМАДЫ...

Бұқаралық акпарат қызметкерлері күні қарсаңында барлық деңгейдегі әкімдердің журналистерді шақырып, шай беруі дәстүрге айналды. Биыл да олар осы дәстүрінен айныған жоқ. Журналистерге сый-сияпат әзірлеу, Құрмет грамоталары мен Алғысхаттар дайындау сияқты қарбаластар көбейіп кетті. Оның үстіне, «осы бәлелердің ауыздарына бірдене тығып, үндерін өшірейік» деген сасық қулық та бар. Бәлесінен аулақ, осы күні блогер деген бәлекеттер шықты. Ұры тазыша тіміскеленіп, таппайтынды тауып ала қояды. Со-сын: «Мынауыңды күллі әлемге жаямын. Үйтемін де сүйтемін», — деп қыр соңынан қалмайды. Осындайда жалынан қасылап, көмейіне бір нәрсе тығып жіберсең, біраз уақытқа дейін жыны басылған бақсыдай тыныш жүреді. Осы есеппен қияндағы қаланың әкімі орынбасарлары мен тиісті бөлім басшыларына шұғыл тапсырма берді.

Бірінші басшы тапсырма бергеннен соң, жан бар ма, барлығы жапа-тармағай іске кірісті. Бірінші кезекте мол дастарқанға кімдерді шақыру керек деген ең өзекті мәселе алға шықты. Ақылмандар жиналып, мәселені ортаға салғанда ең алдымен блогерлерді түгендейік деген шешімге барлығы бірдей қол қойды. «Мемлекеттік басылымдардың арасынан тек басшыларын ғана шақырсақ, қалғаны өкпелемейді, өйткені олар да біздің қолымыздан жем жеп отыр», — деген орынбасардың дәлеліне ешкім қарсы дау айта алмады. Себебі барлығы да блогерлерден бастарын ала қашатын еді.

Салтанатты сәт те келіп жетті. Республикаға аты мәлім қаламгер Қуандық та осы мереке ортасында отыр еді. Ол айналасына байыппен қарағанымен, қаламы жүйрік, мәселені тереңнен қозғай білетін журналист әріптестерін іздегенімен, көзіне ешкім түспеді. «Япырай, мен білмейтін тілшілер көбейіп кетіпті ғой» деп ойлады ол.

Бір кезде әкім марапат иелерін ортаға шақыра бастады. Япырай, сыйлық алып жатқандар арасынан біреуін танысашы. Шарбаққа сүйенбесе жүре алмайтын қотыр ешкідей біреулерге, тиіспесе бойына ас батпайтын Жакыпжан Көпірбаев та осында төрде отыр. Төрде болғанда әкімнің оң тізесін басып отыр. Сол жағында бәлекорлығымен екі рет түрмеге жатып келген Есенбай есіп ол отыр. Әй, анау әйелі, екі бірдей баласын ертіп келген белгілі блогер Масат емес пе? Бұл не болып кеткен өзі? Бұл өзі журналистердің мерекесі ме, әлде блогерлердің мерекесі ме?

Қуандық қатты өкініп, сыртқа шыға бергені сол, орынбасарлардың бірі алдынан шыға келді.

— Қалеке! Қайда кетіп барсыз?

— Мұнда маған орын жоқ сияқты, — деді Қуандық.

— Неге Калеке? Біз сіздерге арнап дастарқан жайып отырмыз ғой.

— Ендеше мұнда кәдігі журналистер неге аз? Шын мәнінде, мемлекеттің саясатын насихаттап, ұлттық мүдде үшін шыр-пыр болып жүрген солар. Шерхан Мұртаза атамыз «арқа-лағаны алтын, жегені жантақ» деп соларға баяғы да баға беріп кетіп еді. Сол жантақты әлі де арқалатып жүр екенсіңдер. Сендер нағыз журналисті бағалай алмайсыңдар. Бүгінгі блогерлерге деген шексіз құрмет соны паш етіп отыр. Жә, мен қайта берейін, — деді Қуандық.

Орынбасар жата жабысты. Өйткені әкім Қуандықты жақсы танушы еді. Орынбасарға «Калекенді ұмытпаңдар» деп ескертіп қойған. Сондықтан оның кетіп қалғаны орынбасар үшін үлкен қатер. Сұрауы қатты болуы мүмкін.

Орынбасар танымал журналисті қолтықтап қайтып келгенде марапат рәсімі басталып кеткен екен. Сахнаға бірінші болып белгілі бәлекор шықты. Осыдан соң облыстық газет пен телеарнаның басшылары шақырылды. Қуандық оларды алыстан байқап қалды. «Е, мен байқамай отыр екенмін ғой, журналистер де шақырылыпты ғой», — деп көңілін демдей бергені сол, сахнаға қайдағы бір қолына өмірінде қалам ұстап көрмеген, екі ауыз сөзінде елу қате өріп жүретін танылмаған «таланттар» бірінен соң бірі қаптап шыға бастады.

Ой, мына біреуі әлеуметтік желіде аузына келген бәдігін сапырып, біреуді жекпе-жекке шақырып жүрген айтқыштың біреуі ғой. Жұрт мұны блогер ретінде жыға тани да бермейді. Ал мына бір марапат иесі әкімдерді тығырыққа тіреп, айтқанын орындатып жүрген белгілі бек-бике ғой.

— Құрмет иелері осылар болса, жетіскен екенбіз, — деген Қуандық алды-артына қарамай, есіктен шыға берді.

Әкімнің орынбасары Қалдарбек соңынан жүгіріп еді, қайырылмады.

«Той той болмады, бала-шаға жеп кетті» деген екен баяғыда біреу. Қуандықтың ойына осы сөз түсіп, мырс етті.

С.ОЛЖАБАЙ

КҮЛКІ
КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫТПАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шықпағанын,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанын
Шықпағы жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойлады,
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйла-тұйла,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр құақім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Түп-түзу:
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Маман
Банап берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Банантың қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табаңымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түйі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.



11 ШІЛДЕ 2026 | СЕНБІ

Былтыр «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы үшін жаңа белес, жаңа жауапкершілік кезеңі болды. Бұған дейін қазақ тілін дамыту көбіне мәдениет, білім беру, оқу-ағарту саласымен байланысты қарастырылса, бүгінде бұл бағыттың ауқымы әлдеқайда кеңейді. Енді тіл мәселесі ұлттық технологиялық даму, цифрлық қауіпсіздік және дербес ақпараттық инфрақұрылым қалыптастыру ісімен де тікелей сабақтасып отыр.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Нақтырақ айтсақ, «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының былтыр атқарған жұмыстары осындай жаңа міндеттерге жауап беруге бағытталды. Негізгі мақсат — қазақ тілінің цифрлық кеңістікте еркін әрі толыққанды қолданылуына мүмкіндік беретін тұрақты экожүйе қалыптастыру. Яғни қазақ тілі тек қағаздағы, аудиториядағы немесе ресми қолданыстағы тіл ғана емес, жасанды интеллект, цифрлық платформалар мен заманауи технологиялар тілінде де өміршен болуға тиіс деген ұстаным алға шықты. Өйткені бүгінгі заман талабы осы. Орталық жыл бойы қазақ тілін цифрлық ортаға бейімдеуге бағытталған бірқатар ғылыми және технологиялық жобаларды қолға алды. Әсіресе, қазақ тілінің жасанды интеллектімен байланысқан дербес цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыруға басымдық берілді. Бұл — бір қарағанда техникалық жоба секілді көрінуі мүмкін. Бірақ оның астарында үлкен мән бар. Әңгіме қазақ тілінің ертеңі, оның жаңа технологиялар әлеміндегі тағдыры туралы болып отыр. «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Тіл Hub жетекшісі Мөлдір Бакытқызының айтуынша, қазақ тілінің ерекшеліктерін жасанды интеллектке үйретуде айтарлықтай күрделі лингвистикалық мәселе кездескен. Ол — тілдің агглютинативті құрылымы.

«Қазақ тілінде бір түбір сөзге бірнеше қосымша жалғанып, көптеген грамматикалық тұлғалар жасалады. Сондықтан сөздердің морфологиялық құрылымын дәл талдау, олардың сөйлемдегі қызметін анықтау және синтаксистік байланыстарын дұрыс белгілеу жасанды интеллект үшін ең күрделі лингвистикалық міндеттің бірі болып саналады. Осы міндеттерді шешу мақсатында «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы мемлекеттік тапсырма аясында «Тіл-Қазына» корпусын әзірлеп жатыр. Жоба қазақ тілінің цифрлық деректер қорын кеңейтуге, корпусық ресурстарды ғылыми зерттеулер мен тілдік технологияларда тиімді пайдалануға бағытталды. Корпустық базаның қоры сандық жүйеге келтірілген, қазақ тіліндегі мәтіндермен толықтырылған 43 миллион сөзқолданысты қамтиды. Публицистикалық мәтіндер, ауызекі сөйлеу, ғылыми мәтін, оқу, бала тілі бағыты бойынша қор жинақталып жатыр», — дейді М. Бакытқызы.

Жоба барысында әртүрлі жанрдағы мәтіндер жинақталып, цифрландырылып, лингвистикалық өңдеуден өткізілді және корпус базасына енгізілді. Деректерге морфологиялық және мета белгіленім жасалып, оларды жасанды интеллект жүйелері мен басқа да тілдік технологияларда қолдануға



ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙТІН ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕМ

мүмкіндік беретін талдау құралдары әзірленді. Сонымен қатар платформаның техникалық инфрақұрылымы жанартылып, пайдаланушыларға ынғайлы жаңа функционалдар енгізілді. Жобаның ғылыми деңгейін арттыру мақсатында халықаралық ынтымақтастық та жолға қойылды. Осы бағытта Жапонияның Ұлттық жапон тілі мен лингвистика институтымен (NINJAL) тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, жобаның нәтижелері халықаралық ғылыми қауымдастыққа таныстырылды. Орталықтың осы кезеңге дейінгі маңызды жұмыстарының бірі — Til-Qazyna LLM үлкен тіл моделін екінші мәрте қайта оқыту. Бұл сырт көзге техникалық жанарту сияқты көрінгенімен, шын мәнінде, қазақ тілінің цифрлық болашағына жасалған салмақты қадам болды. Өйткені жасанды интеллект қазақ тілін жай ғана танып қоймай, оның табиғатын түсінуі керек. Қазақ тілінің сөйлем құрау ерекшелігі, сөздің астары, мағына, реңкі, контексттегі құбылысы — мұның бәрі оңай шаруа емес. Осы жолы модельді қайта оқыту кезінде тілдің дәл осы нәзік қабаттары терең ескерілді. Ғалымдар мен тіл мамандарының жылдар бойы жинаған тәжірибесі жасанды интеллект жүйесіне енгізіліп, модельдің қазақша мәтінді түсіну, талдау және дұрыс жауап қалыптастыру қабілеті күшейтілді.

Бүгінде баланың тіл үйрену ортасы бұрынғыдан әлдеқайда өзгерді. Бұрын тіл көбіне отбасындағы қарым-қатынас, балабақша, мектеп, кітап пен телебағдарлама арқылы қалыптасса, қазір бұл кеңістікке мобильді қосымшалар, интерактивті ойындар, мультфильмдер мен түрлі цифрлық құралдар қосылды. Бір жағынан, бұл — үлкен мүмкіндік. Себебі балаға қазақ тілін үйрететін мазмұн бұрынғыдай шектеулі емес. Екінші жағынан, технологияны қалай және қай жастан бастап қолдану керек деген сұрақ та өзекті болып отыр. Орталық атқарып отырған жобаларда осындай маңызды мәселелер де назардан тыс қалмаған.

«Мәселен, Balatili.kz платформасы 3 жастан бастап балалардың тілдік, жазу, көркем жазу және оқу дағдыларын қалыптастыруға арналған. Платформадағы дыбыс, әріп, сөз, сөз тіркесі, сөйлем және мәтінге қатысты интерактивті тапсырмалар мен дидактикалық материалдар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленген. Биыл

мұнда «Әріпті тап», «Түстерді жина» ойындары және «Бояу студиясы» интерактивті жобасы іске қосылды. Сондықтан бұл платформаны бастаушы сыныптарда көрнекі әрі қосымша оқу құралы ретінде тиімді пайдалануға болады. Қазір оны балабақша тәрбиешілері де белсенді қолдануда. Қазір қазақ тілінде қызықты, электронды контент, құралдар баршылық. Балалардың қабылдап, үйренуіне еш кедергі жоқ. Солардың бірі — Dala ойыну мобильді қосымшасы. Ойын арқылы қазақ тілін үйренудегі жаңа формат деп айтуға да келер. Dala ойыну қазақ тілін үйретеді және мәдени дәстүрлермен таныстырады. Ойын білім беру мазмұнын заманауи ойын механикаларымен үйлестіріп, оқу үдерісін қызықты саяхатқа айналдырады. Осы инновациялық



Бүгінде баланың тіл үйрену ортасы бұрынғыдан әлдеқайда өзгерді. Бұрын тіл көбіне отбасындағы қарым-қатынас, балабақша, мектеп, кітап пен телебағдарлама арқылы қалыптасса, қазір бұл кеңістікке мобильді қосымшалар, интерактивті ойындар, мультфильмдер мен түрлі цифрлық құралдар қосылды. Бір жағынан, бұл — үлкен мүмкіндік.

тәсілдің арқасында балалар қазақ тілі мен мәдениетін оңай әрі табиғи түрде меңгереді. Ойынның ерекшелігін айқындайтын басты қырлары — тарих пен этнография, мәдени ортаға терең бойлау, ұлттық ойындар және географиялық таным. Dala ойыну 6 жастан асқан, тілді меңгере деңгейі әртүрлі балаларға арналған. Сонымен қатар диалогтар, сюжеттік желілер мен кейіпкерлер қазақ тілін жеңіл әрі қызықты үйренуге мүмкіндік береді», — дейді Тіл Hub жетекшісі.

Орталық маманы айтқан Termincom.kz — пайдаланушылар ең көп жүгінетін ресурстың бірі. Платформа 10 жылдан бері жұмыс істейді. Бүгінде қорда 400 мыңға

жуық термин жинақталған. Оның ішінде мектеп оқушыларына арналған термин сөздер де қамтылған. Сондықтан бұл ресурс мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары, аудармашылар мен салалық мамандар үшін күнделікті пайдаланылатын негізгі анықтамалықтардың біріне айналды.

Til-Qazyna LLM бүгінде орталық әзірлеп жатқан цифрлық жобалардың жүрегіне айналып отыр. Qazgramma грамматикалық ассистенті, қазақ тілін үйрететін Til-Qazyna AI Agent мобильді қолданбасы, шеттілдік терминдерді реттейтін автоматтандырылған жүйе, сөйлеуді тану мен дыбыстау технологиялары, сондай-ақ QazSync.AI синхронды аударма сервисі — бәрі де осы ортақ технологиялық негізге сүйенеді. Осы экожүйенің ішінде Qazgramma жобасының орны бөлек. Себебі сауатты мәтін — тіл мәдениетінің ғана емес, жалпы қоғамдық қатынастың да көрсеткіші. Күнделікті хат-хабардан бастап, ресми құжатқа дейін ойдың анық, сөздің дұрыс, сөйлемнің жүйелі берілуі маңызды. Qazgramma осы қажеттіліктен туған жаңа буын интеллектуалды ассистент деуге болады. Ол қазақ тіліндегі мәтіндермен толық жұмыс істеп, орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық қателерді автоматты түрде анықтауға, түзетуге көмектеседі. Сонымен қатар құжаттар мен көлемді мәтіндерді жүйелеуге, біріздендіруге мүмкіндік береді. Мөлдір Бакытқызының айтуынша, қазіргі уақытта Qazgramma e-Otinish, Documentolog және E-gov платформаларымен кезек-кезеңімен интеграцияланып жатыр. Бұл әсіресе мемлекеттік қызметте, ресми хат-хабарда, азаматтардың өтініштері мен құжат айналымында тіл сапасын көтеруге жол ашады. Қарапайым тілмен айтқанда, мемлекеттік тілдегі құжат неғұрлым сауатты, түсінікті әрі бірізді болса, азамат пен мемлекет арасындағы байланыс та соғұрлым жеңілді түседі.

«Бұл бағытта атқарылған жұмыстың ауқымы да аз емес. 2025 жылы жүйенің дәлдігін арттыру үшін 200 мың нақты тілдік қате үлгісінен тұратын Қателер корпусы жасалды. Мұның мәні тереңде. Өйткені жасанды интеллект қазақ тіліндегі қатені дұрыс тануы үшін, алдымен сол қатенің табиғатын түсінуі керек. Қате қай жерде жиі кездеседі, қандай сөз қолданысында шатасу бар, сөйлем құрылымындағы әлсіз тұстар қандай — мұның бәрі жүйелі түрде жинақталғанда ғана сапалы нәтиже шығады. Сондықтан бұл корпус ертең ресми құжаттардың да, күнделікті мәтіндердің де тілдік сапасын арттыруға қызмет ететін маңызды база болмақ», — дейді маман.

Қазіргі кезде қазақ тілін үйренгісі келетін ниеттілердің ішінде қандас балалар ғана емес, шетелдік азаматтар да көп. Олар қазақ тілін 8 тіл арқылы онлайн оқытатын халықаралық Til-Qazyna AI Agent мобильді қолданбасы арқылы меңгере алады. Бүгінде бұл жүйеде 3 056 тұрақты пайдаланушы тіркелген. Аталған платформаның географиясы ұлғайып, 8 елдің 9 қаласында қазақ тілі курстары жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда, АҚШ, Бельгия, Испания, Корея, Моңғолия, Түркия, Франция және Чехияда қазақ тілін оқыту жүзеге асырылуда.

Осының бәрі бір нәрсені анық аңғартады: қазақ тілінің болашағы цифрлық кеңістікте де шешіледі. Ең маңыздысы, бұл жұмыстар қазақ тілінің болашағына деген сенімді күшейтеді. Себебі тіл жаңа технологиямен бірге дамыса, ол жаңа ұрпаққа да жақындай түседі.

AMANAT MEDIA GROUP AIQYN Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абап АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Салтан САРЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: (8701) 675-42-14, (87172) 72-95-31 reklama.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: (8771) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4761 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 В Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
---	---	---	--	---